2.Смайлова Т.А. «КСРО Халық әртісі, профессор Роза Жаманованың туғанына – 90 жыл». РММ Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерватоориясы «Вокалдық өнер» кафедрасы, Алматы, 2018.
3.С.Латиева. «Роза Жаманова». Алматы, «Өнер», 1984.
4.Ғ.Әнес, М.Ізімұлы. «Батыс Қазақстан Облысы энциклопедия». Алматы, 2002.

ҚАЗАҚ ҰЛТ АСПАПТАРЫ ОРКЕСТРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Алимбаева Гулзада Бакыткалиевна
БҚО, Орал қаласы, М.Өтемісов атындағы БҚУ аға оқытушысы

Ұлт аспаптары оркестріне арналған музыка – қазақ халқының рухани мәдениетінің бірегей арнасы. Аспаптық музыканың сан ғасырлық дәстүрі мен жанрдың бейнелілігі және жаңа заманның көркемдік үрдістерінің бейнесі осында шоғырланған.

Ғасырлар бойы жинақталып, қаншама ұрпақ буындары арқылы електен өтіп сұрыпталған ауызша өнер дәстүрі оркестрдің пайда болуына дейін жеке орындау түрінде дамыған еді. Атақты күйшілердің тәжірибелері ұрпақтан-ұрпаққа мирас болды, күй өнерінің басты ұстанымы суырып салма үрдіспен қалыптасты.

Қазақстанда жазба дәстүрдегі кәсіби музыканың іргетасы қаланғаннан кейін еуропалық мәдениетке сүйенген музыкалық ұжымдар жасау қажеттілігі туды. Ұлттық оркестр жасаудың алғышарты орыс халық аспаптары оркестрі мен Г.П.Любимов қатысқан Мемлекеттік квартеттің 1927 жылы Мәскеу қаласында қазақ күйлерін орындауынан басталды. Күйлердің ұжымдық орындалуының төлтумалылығы қазақ халық аспаптары оркестрін ұйымдастырудың мүмкін екенін және қажеттілігін көрсетті. Алғашқы ансамбль, содан соң ұлт аспаптары оркестрін жасау жұмыстарын қолға алған Қазақстан музыкалық өнерінің қайраткерлері – А.Жұбанов, Л.Хамиди, Л.Шаргородский тағы басқа азаматтар. Олардың алдында жауапты әрі маңызды зор міндет тұрды, алдымен халық аспаптарын жетілдіру, көпдауысты, көпқұрамды ұжым жинау және оның репертуарын жасау, тыңдаушылардың назарын еуропалық

мәдениет құндылығына аудару, өткеннің дәстүрі мен бағалы дүниесін сақтау және арттыру, халық арасынан шыққан дәулескер күйшілерді ұжымдық орындаушылық үрдісіне баулу, әр күйдің вариантарын қайта салыстыра отырып үздігін таңдау керек болды, бұл жұмыстарды атқару үшін біліммен бірге зор қажыр-қайрат қажет еді.

Қазақ халық аспаптарын қайта жасау ісі оркестр инструментариясының едәуір молаюына ықпал етті, Андреев оркестрінің үлгісімен жаңа аспаптар дүниеге келді, нәтижесінде домбыра тобында домбыра-прима, домбыра-тенор, домбыра альт, домбыра-бас, домбыра-контрабас аспаптары пайда болды, дәстүрлі қобыз төрт ішекті аспапқа айналды, осының негізінде прима-қобыз бен бас-қобыз аспаптары дүниеге келді. Ішектердің өзгертілуі тембрдің сапасын арттырды, домбыраның обертонға бай қоңыр үнді ежелгі тембрі ырғаққа бейімделіп, жаңаша бояуға ие болды, хроматикалық дыбыс қатарын енгізу арқылы диапазоны да ұлғайды.

Халық аспаптары оркестрі шындығында аралас аспаптар оркестрі болып шықты, дәстүрлі домбыра, қобыз, дауылпаз, үшаяқтармен бірге «халықтық емес» - ұжым құрамына виолончель, контрабас, флейта, гобой, литаврлар, баян сияқты танымал аспаптар кірді. Қазақ халық аспаптары оркестрінің репертуары негізінен халықтық ән мен күйден тұрды, бұл шығармаларды оркестрдің алғашқы мүшелері О.Қабиғожин, Н.Бөкейханов, Қ.Жантілеуов, Л.Мұхитовтар жеткізді. Халық күйлерінің ең ыңғайлы вариантарын сараптаған А.Жұбанов оларды оркестрге лайықтады.

Музыкатанушы Б.Ғизатовтың Құрманғазы оркестрі туралы кітабында автордың мынадай пікірі бар: «Халық мелодиясының бояуын, ырғағы мен интонациясын оркестр ансамблі күшейтіп жіберді, осыған дейін тақырыптық фактурасының дамуы жасырынып келген қазақ күйлерінің дыбыстық қуаты артты».

Қазақ халық аспаптары оркестрінің бастапқы қадамының негізгі түбірі XIX ғасырдағы даланың ұлы күйшілері Тәттімбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек, Сүгір, Дина, Ықылас, Түркештердің күйлерінен жасалған өңдеулер мен аудармалар және халық арасына кең тараған әндер болды. Талантты сазгер, XX ғасырдың көрнекті музыканты Ғ.Жұбанова өз естелігінде: «Ғасырлар бойы қазақтар домбыраны киіз үйде тыңдауға үйреніп қалған, енді үлкен сахнаға шығып, зор мүмкіндік алды», - деп жазды. Бір ұжымға тоғысқан музыка қуатты болды, ал қобыз тобы оркестрге жұмсақтық пен әуенділік берді. Мұндай дәрежеге жету оңай болмағаны ақиқат, А.Жұбанов күйлерді алғашқы жеткізушілердің қолынан жазып алды, олардың вариантарын салыстырды, дыбыстық үйлесімін саралады, осы күні қазақтың аспаптық әнұранына айналып кеткен «Сарыарқа», «Адай», «Ақбай», «Қосбасар», «Көбік шашқан» сияқты шығармалар сол кезде жазылған, бұл күйлер оркестрлеу өнерінің теңдесі жоқ үлгілері екені баршаға аян.

Құрманғазының «Сарыарқасы» атақты күйшінің кәсіби шеберлігінің артып, кемеліне келген шағында туған күй. Бұл үміт пен дархан көңілдің шалқыған «әні», даланың байтақ шаттығы жырланады. Оркестрдің орындалуында қызуқандылығы күшейіп, әсем әуені төгіле жөнеледі. Мұнда

қазақ жерінің кеңдігі бай әуендермен өріледі, ырғағы аламан бәйгені көзге елестетеді, динамикасы қазақ жанының жігері мен намысын танытады. Бұл күйдің «қазақ даласы мен қазақ халқының төлқұжаты» деп аталуында заңдылық бар. 1973 жылы Алматыда өткен Азия елдерінің III музыкалық симпозиумында Құрманғазының «Сарыарқасын» Құрманғазы атындағы Қазақтың Мемлекеттік Академиялық ұлт аспаптары оркестрі орындап, 1 сыйлықты иеленді, бұл дауылды күй ЮНЕСКО шешімімен Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің радиостанциялары арқылы трансляциялау құқығына ұсынылды.

Философиялық ой мен терең мазмұны сақтала отырып оркестрге түсірілген «Адай» күйінде халықтың жауынгер рухы мен өмірге құштарлығы, махаббаты мен жан дүниесі бір жерге тоғысады. «Кішкентай» күйі А.Жұбановтың интерпретациясында басына күн туған халықтың өмірі жайлы драмалық симфония сияқты естіледі. Күйдің композициялық және драматургиялық шешімі контрастылығында жатыр: нәубет пен қайғы, батырлық пен жоқтау, жыршының өзекті өртейтін өлеңі мен батырынан айрылған елдің елегізуі. Қазақ халық аспаптары оркестрі үшін А.Жұбанов қазақ күйлері мен әндерінің 60-тан астам түрін лайықтады, сонымен қатар орыс сазгерлерінің де туындыларын оркестр тіліне аударды, шетел классикасы мен Кеңес сазгерлерінің шығармалары да қазақ оркестрінде алғаш орындала бастады. А.Жұбановтың аудармалары жаңа партитуралардың көбеюіне игілігін тигізді, оркестр мүшелерінің ноталық сауаты да біршама арта түсті, ұжым гармониялық дыбыстар мен полифониялық әдістерді игере бастады, орындаушылық өнердің өлшемдік-ырғақтық сезімі қалыптасты.

Оркестр аудармаларының бірсыпырасын қазақ музыкасының ардагер ақсақалы – Л.Хамиди жасады (1906 – 1983). Сол кездегі аты сирек аталатын Сейтектің «Жантаза», «17 жыл», «Бес қыз», «Аққайың» сияқты күйлерімен қатар, «Келіншек», «Қаражорға» сияқты шығармаларды оркестр тілінде сөйлетті. Олардың оркестрленуі қарапайым, тыңдарманға түсінікті. Біраз партитураларда Л.Хамиди күйлердің тұтастығы мен көркемдігін сол қалпында сақтады. Кейінірек, Сейтектің «17 жыл» күйінің негізінде сазгер симфониялық поэма жазып шықты. 1937 жылдан бастап оркестрге жетекшілік еткен Л.Хамиди оркестр әртістерінің біліктілігін арттыру жұмысымен белсенді түрде айналыса бастады. Осы бағытта ол орыс және шетел классикасының аудармаларын жасады. Атап айтатын болсақ, П.И.Чайковскийдің, Н.А.Римский-Корсаковтың, Ж.Бизенің, Дж.Вердидің, Э.Григтің шығармалары репертуардан берік орын ала бастады.

Халыққа кең тарап кеткен күйлер мен әндердің, Еуропа мен кеңес композиторларының шығармаларының оркестрлік аудармасын жасауда С.Шабельский мен Л.Шаргорский, Ш.Қажығалиев, Н.Тілендиев, А.Мырзабеков, К.Күмісбековтер жемісті еңбек етті. Осы аталған музыканттар әр жылдары бас дирижер ретінде қазақ ұлт аспаптары оркестріне жетекшілік етті, репертуар қорының молайып, кәсіби дәрежесінің өсуіне үлкен үлестерін қосты. Жоғарыда аты аталған оркестр жетекшілері ұжымның орындаушылық өнерін жаңа сапаға көтеру керек екендігін терең түсініп, Қазақстан сазгерлерін

ұлт аспаптары оркестрі үшін көркемдік деңгейі жоғары шығармалар жазуға үгіттеді.

40-жылдардың соңына қарай Қазақстан сазгерлері халық аспаптары оркестірінің репертуары үшін біршама көлемді шығармалар жазды. Атап айтқанда – С.Шабельский мен Л.Шаргородскийдің «Грузин фантазиясы», «Орыс фантазиясы», «Той бастар», Е.Брусиловскийдің «Гуляндам» өзбек балетінен сюита, «Рунын әуендері», Қ.Қожамияровтың «Мерекелік поэмасы», «Қытайдың лирикалық сазы», В.Великановтың «Бейбітшілік үшін», С.Мұхамеджановтың «Қыз қуу», «Концерттік вальс», Е.Рахмадиевтің «Ләйлім тақырыбына вариациялар», «Қазақстан» атты туындылары. Қазақ оркестрі үшін осы жылдары жазылған шығармалардың ішіндегі шоқтығы биігі, С.Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» симфониялық поэмасы болғаны талассыз. Ол 1952 жылы жазылды, мұнда қазақ күйінің дәстүрі бұзылмай сақталды.

60-70 жылдары Л.Хамиди, С.Мұхамеджанов, М.Қойшыбаев, К.Күмісбеков, Н.Тілендиев сияқты тұрақты авторлармен қатар халық оркестріне алғаш музыка жазуға бет бұрған кәсіби сазгерлер шоғыры пайда болды. Қазақстандық сазгерлік мектептің оркестр музыкасы саласындағы шығармашылық жетістігі ретінде мына шығармаларды ілтипатпен айтуға болады: С.Мұхамеджановтың «Классикалық күйі», «Балхадиша тақырыбына вариациялары», «К.Күмісбековтің «Дала сыры» поэмасы, «Фараби сазы» күй-поэмасы, «Советтік Қазақстан» поэмасы, М.Қойшыбаевтың бірінші симфониясы.

80-жылдары орындаушылық тәжірибеде жағымсыз тенденциялар бой ала бастады, академиялық орындауды мақсат ету ниетінің салдарынан фольклорлық негіз маңызынан айрылды. Бұл уақыт атақты этномузыкатанушы-ғалым Б.Сарыбаевтың қайраткерлігімен сәйкес келді, ол көп жылдар бойы жинақтаған көне аспаптарды жетілдіріп фольклорлық-этнографиялық ансамбль жасады. Артынша, көрнекті Мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың қолдауымен 1982 жылы «Отырар сазы» оркестрі құрылды. КСРО Халық әртісі Н.Тілендиев жетекшілік еткен жаңа ұжымның басты мақсаты Б.Сарыбаев жинақтаған қазақтың көне аспаптарын заман талабына сай қолданысқа енгізіп, ата мұрасын қайта тірілту болды. Туған халқының фольклорын терең білетін, тамаша сазгер әрі дирижер, домбыраның құлағында ойнайтын виртуоз күйші – Нұрғиса Тілендиев оркестр ойыны арқылы қазақтың көне аспаптарының кең спектрлі мүмкіндіктері бар екенін, онымен күрделі-драмалық шығармаларды сезімшіл серпінмен орындауға әбден болатынын көрсетті. ХХ ғасырдың көрнекті композиторы, КСРО Халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері Т.Хренников «Отырар сазы» оркестрінің орындауындағы Н.Тілендиев шығармаларын Мәскеудегі Кремль сарайында тыңдағанда «Бұл ғажап оқиға!» - деп таңданысын жасырмады, бұл талантты қазақ сазгері мен дирижеріне берілген үлкен баға еді. Оркестр құрамында бұрын-соңды қолданыста болмаған саз сырнай, сыбызғы, шаңқобыз, шертер, дауылпаз, жетіген, месқобыз, қоңырау, асатаяқ пен тұяқтас сияқты аспаптар болды. Осы аспаптарды пайдалану арқылы бұрынғы бұзылған дыбыстық балансты қалпына келтіруге

ниеттенген Н.Тілендиев ұлттық емес немесе қайта жасауға ұшыраған аспаптарды түпнұсқа түріне ауыстырды. Н.Тілендиевтің шығармашылығында қазақ ұлт аспаптары оркестріне жазылған музыкалардың орны бөлек. Бұл шындығында көркем шедеврлер: «Ата толғауы», «Көш керуен», «Аққу», «Махамбет», «Аңсау», «Ордабасы», «Ұлы той», «Атадан мұра», «Халық қуанышы», «Әлқисса», «Сырласу» т.б.

Халық аспаптары оркестріне арнайы жазылған шығармалары көпшілік көңілінен орын алған сазгер, ҚР халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор – Кенжебек Күмісбеков. Оркестр саласында жемісті еңбек еткен сазгердің қаламынан әртүрлі жанрдағы әсем туындылар туды. «Поэма», «Симфониялық күй», «Шалқыма» т.б.шығармалары қазақ аспаптары оркестрінің қазынасына қосылған бағалы шығармалар болды.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның музыкалық мәдениеті халық аспаптары оркестрі үшін музыкалық қор жасауда біршама тәжірибе жинақтады, бұл ізгі қадамның қалыптасуы XX ғасырдың 30-жылдарынан басталған еді. Ұлт аспаптары оркестрінің музыкасына белгілі халық күйшілерінің күйлерінің аудармалары мен өңдеулері, әлемдік классика аудармалары, халық әндері мен оркестр сүйемелімен орындалатын опера ариялары және Қазақстан сазгерлерінің төл шығармалары жатады. Оркестрге түскен күйлер ұлттық бояуы мен нақышын сақтады, олардың стильдік, мелодико-интонациялық және метрлік-ырғақтық тұтастығына нұқсан келген жоқ. Әртүрлі аспаптардың тембрі, регистрлердің ауысуы, гармониялық және полифониялық әдістер, бояулар мен тыныс белгілер халық күйлерінің мазмұнын жаңаша жаңғыртты әрі байытты. Қазақ ұлт аспаптары оркестрі музыкасы ұлттық мәдениетіміздің ғажайып құбылысы болды, дәстүр мен жаңашылдықты, бұрынғы мен бүгінгіні өзара жақындастыра отырып, кемел көркемдікке қол жеткізді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гизатов Б. Казахский оркестр им.Курмангазы. – Алматы: Ғылым, 1994.
2. Жубанова Г. Мир мой – музыка. /мақалалар, очерктер, естеліктер, 1 том. – Алматы: АКСИМ, 1997.
3. Кузембаева С. Талант яркий, самобытный. - //Казахстанская правда, 2002, 5 сәуір.

Г.ЖУБАНОВА ОПЕРА «ДВАДЦАТЬ ВОСЕМЬ»

Енсебекова Тынган Жумагалиевна
Преподаватель Алматинского музыкального колледжа им.П.Чайковского

Область оперного искусства весьма значительна. В этом жанре отечественными мастерами были созданы многочисленные произведения, обладающие многообразием стилевых направлений, богатством содержания, характера и образного мира. В них воплощены общечеловеческие идеи, связанные с жизнью общества, духовным подъемом личности и философско-этическая тематика. Особую ветвь составляют произведения, посвященные значимой, актуальной идее национальной и интернациональной проблеме. Именно в этом жанре с наибольшей полнотой раскрываются масштабные,

новаторские замыслы и прогрессивные идеи. Концептуальной основой тематики сочинений в этом жанре является воспевание свободы, независимости, любовь к Родине. Это прослеживается во многих произведениях этого жанра.

Цель настоящей статьи - исследовать некоторые аспекты оперной музыки, заполнить один из существующих пробелов в истории музыковедения.

Обращение к опере «Двадцать восемь» обусловлено художественными достоинствами этого произведения, а также малоизученностью данного сочинения. Исследований, специальных работ, посвященных этому произведению на сегодняшний день нет. В музыкальных учебных заведениях вскользь проходят это произведение. Хотя эта опера считается одной из лучших произведений Газизы Жубановой. Будучи студенткой Алматинской Государственной консерватории, я брала интервью у Газизы Жубановой и была первой студенткой, которой Газиза Ахметовна Жубанова предоставила рукопись своей оперы. И я посчитала нужным остановиться на рассмотрении данного произведения.

Представленная статья не претендует на исчерпывающую полноту,она исследует лишь грань проблемы национального и интернационального. Данная статья посвящена опере «Двадцать восемь» Газизы Жубановой одного из крупнейших композиторов Казахстана. Г.Жубанову по праву можно назвать лидером композиторской школы Казахстана. Она внесла значительный вклад в современную казахскую музыкальную культуру своей научной, педагогической и общественной деятельностью. Основы музыкального воспитания заложил отец будущего композитора – академик Ахмет Жубанов, один из основоположников казахской советской музыки.

В многонациональном искусстве есть темы и образы, значение и смысл которых всегда служат нравственным ориентиром для народа, а для деятелей культуры создание художественных образов героев Великой Отечественной войны являлось священным и ответственным долгом.

Глубоко осознавая сложность творческой задачи, прочувствовав всем сердцем величие бессмертного подвига, Г.Жубанова главным для себя определяет в опере «Двадцать восемь» воспевание высоких патриотических чувств героев, задается целью воплотить в произведении их страстную решимость защитить Родину от врага.

Опера «Двадцать восемь» Г.Жубановой является одним из значимых произведений в творческом наследии композитора. Возникновение замысла оперы «Двадцать восемь» связано с подвигом гвардейцев-панфиловцев у разъезда Дубосекова, на подступах к Москве. Мысль воспеть бессмертный подвиг двадцати восьми героев-панфиловцев пришла к композитору неслучайно. В значительной степени на выбор конкретной темы также повлияло открытие в Алма-Ате, в мае 1975 года Мемориала великого мужества, Мемориала Славы.

«… наверное, именно здесь, - говорила Г. Жубанова, когда я брала у нее интервью в 1983г., - у вечного огня, возле летящих в бессмертие героев - панфиловцев, возле мчащегося всадника в буденовке, возле горниста,

трубящего славу всем павшим смертью храбрых в боях за Родину и утвердилась мысль поведать языком оперной музыки о беспримерном мужестве и героизме. … Я склоняюсь перед памятью героев Великой Отечественной и с чувством светлой скорби и бесконечной благодарности посвящаю им свой труд. Пусть он ляжет неувядаемым венком к подножию их Славы».

Неувядаемой воинской славой покрыла себя гвардейская стрелковая дивизия имени И.В.Панфилова. На ее знамени – ордена Ленина, Красного Знамени, Суворова второй степени. Ей присвоено почетное наименование «Режицкая».

Мужество бойцов и командиров дивизии, ее легендарного генерала, их любовь к Родине и самоотверженное служение ей, всегда восхищали и удивляли, вызывали высокое чувство гордости в сердцах людей.

Проблема национального для Г.Жубановой не ограничивается лишь вопросами формы и стиля, а обязательно включает в себя основное-содержание народного искусства, которое постоянно развивается, идет в ногу с жизнью. Композитор, отражая в своем творчестве жизнь своего народа, является глубоко национальным, а также глубоко современным художником, широко использующим многие средства современного музыкального языка, достижения мировой культуры.

Перед авторами оперы (композитором Г.Жубановой и либреттистом А.Мамбетовым) возникла сложная задача: отобразить с максимальной достоверностью атмосферу, царившую в стране в грозовые военные годы. С этой целью было просмотрено множество документальных материалов, состоялись беседы со многими бывшими воинами: состоялась встреча с Иваном Шадриным, единственным солдатом, который остался в живых из 28 панфиловцев. Очевидцем проводом панфиловцев на фронт 18 августа 1941 года на Алма - Атинском вокзале был дирижер ГАТОБа Мансуров (он играл в то время в духовом оркестре).

Подвигу панфиловцев в годы Великой Отечественной войны посвятили свои пламенные строки такие писатели и поэты, как К.Аманжолов, М. Светлов, Н. Тихонов, А.Твардовский, Д.Снегин. Этот материал вошел в текст либретто оперы «Двадцать восемь».

В работе над оперой Жубанова обратилась к хронике военных лет: к архивным материалам и документальным мемуарам участников битвы под Москвой.

Весь этот содержательный и интересный материал воссоздает перед зрителями жизнь героев с ее тревогами и надеждами, любовью и заветными мечтами. Всех их, представителей разных национальностей - русского В.Клочкова, Н.Максимова, украинца Г.Петренко, Я.Бондаренко, киргиза Д.Шопокова, казахов Н.Есбулатова, М.Сенгирбаева, А.Кожабергенова - связывает одна заветная цель – выстоять перед натиском врага и не пропустить гитлеровских захватчиков в Москву. В опере используются интонации не только казахские, но и интонации русской хоровой песни, и киргизской народной, и народной украинской.

Перед нами раскрываются страницы их жизни, проходят образы людей, у каждого из которых свои тревоги и надежды, своя любовь и привязанность, своя кровоточащая боль сердца. Это те, кто отдали свою жизнь во имя Родины, во имя грядущих поколений. Это те, которые не дрогнули и выстояли в годину тяжелых испытаний, своими подвигами приблизили светлый день Победы. Мы слышим когда-то сказанные ими слова, когда-то написанные ими строки.

Премьера оперы состоялась летом в 1981 году в Алма-Ате на сцене Государственного Академического театра оперы и балета имени Абая и прошла с большим успехом. Позже исполнение проходило в Ленинграде, Ярославле, Караганде, где неизменно опере сопутствовал успех.

Летом 1983 года опера «Двадцать восемь» Г.Жубановой на московской сцене театра имени Немировича - Данченко получает свое второе рождение – вторую редакцию – «За нами Москва». «Мою оперу приняли с большим интересом»,- признавалась в интервью Г.Жубанова. Поэтому опера «Двадцать восемь» имеет две редакции. Первая редакция - 1981г., вторая редакция - 1983 год, Московская. В Московской редакции опера претерпела ряд изменений. Во – первых, образ акына Джамбула и ведущие – комментаторы были сняты. Во- вторых, некоторые образы укрупнены, например, образ генерала Панфилова. В-третьих, введен образ матери-Родины.

Опера «Двадцать восемь» Г.Жубановой вобрала в себя национальный и интернациональный строй музыки, который показан не только в самом содержании, но и в особенностях индивидуального письма композитора. Опера нашла свою аудиторию и услышана современниками. Сочинение интересно в плане интерпретации не только фольклорных образцов, вместе с тем здесь показана взаимосвязь национального с интернациональным. Опера вошла в число тех произведений, которые определяют самобытную казахскую музыкальную культуру.

Литература:

1.Аравин П. Жанры казахской инструментальной музыки. Вып.1.А.1970.
2.Асафьев Б. Музыка Казахстана: Музыкальная культура Казахстана. А.1955.
3.Ахметова М. Композиторы Казахстана. А.1978.
4.Жубанова Г. Клавир. Алма-Ата 1981г.
5.Жубанова Г. Советская музыка.№11.М.1968.

ВЫДАЮЩИЕСЯ ЛИЧНОСТИ В СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ СКРИПИЧНОГО ИСПОЛНИТЕЛЬСКОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА

Орёл Виктор Андреевич
Педагог ступени дополнительного образования
КГКП «Восточно-Казахстанское училище искусств имени народных артистов братьев Абдуллиных»

В начале XX века благодаря прочным связям с зарубежными и советскими музыкантами зародились основы профессиональной системы скрипичного обучения. Затем новые пути в области скрипичного исполнительского искусства прокладывали педагоги-новаторы кафедры струнных инструментов Казахской национальной консерватории имени Курмангазы. Эпоха расцвета казахской скрипичной школы наступила к концу XX века, когда в ее рамках сложились педагогические традиции, позволившие поднять на высочайшую ступень отечественную скрипичную культуру.

Исполнительское мастерство выдающихся представителей скрипичной школы, исполнение колоритных скрипичные сочинений, созданных композиторами Казахстана в конце XX – начале XXI веков, получили широкое признание во многих западных странах мира. В настоящее время скрипичная школа Казахстана по праву считается одной из сильнейших в Центрально-Азиатском регионе. Она вобрала в себя лучшие традиции исполнительского мастерства элитных учебных заведений России — Московской и Санкт-Петербургской консерваторий. Особая черта в исполнении находит свое толкование и в азиатской ментальности. Успехи ярких дарований подтверждены на самых престижных и крупных международных конкурсах.

В становлении профессионального музыкального образования Казахстана, в частности скрипичного искусства, огромную роль сыграло открытие Института Искусств в г. Алма-Ата (1944 г.). Первым ректором которого стал А. К. Жубанов – известный казахский композитор, получивший профессиональное образование в Московской консерватории.

В годы Великой Отечественной Войны исполнительский уровень учащихся в училищах значительно вырос. Причиной стал приток высоко квалифицированных педагогов, выпускников Московской и Ленинградской консерваторий. В их числе скрипачи В. С. Хесс – который, представляет московско - петербургскую ветвь российской скрипичной школы, ученик Сибора и школы Ауэра, и И. Б. Коган – их по праву можно считать основоположниками казахстанской скрипичной школы.

В. С. Хесс, педагог и музыкант первым в Казахстане начал исследование казахской инструментальной музыки. В изучении национально-специфических навыков и домбровых приемов игры на скрипке В. С. Хессу помогали его ученики — известные казахские профессиональные скрипачи А. Толганбаев и Б. Кожамкулова. В. С. Хесса один из первых, кто погрузился в изучение глубинных корней казахской инструментальной культуры, что стало толчком к ознакомлению студентами его класса новой казахстанской музыки. Они проявили большой интерес и начали исполнять произведения Г. Жубановой, С.

Мухамеджанова (концерты), пьесы М. Тулебаева, К. Кужамьярова, А. Жубанова, М. Сагатова, Е. Рахмадиева и других.

И. Б. Коган, так же, как и В. С. Хесс, проявлял большой интерес к казахскому народному искусству, он проникал в дух произведения. И. Б. Коган детально ставит акцент на исполнительские и педагогические особенности освоения образцов концертных пьес казахстанских композиторов. Одно из направлений творчества И. Б. Когана – обработки казахских народных мелодий и кюев. И. Б. Коган обрабатывал кюи Курмангазы и Таттимбета, Даулеткерея и Байсерке, которые по сей день исполняются всемирно известными скрипачами.

Основы скрипичного искусства Казахстана были заложены педагогами Алма-Атинской Консерватории, и постепенно началось внедрение методики скрипичного искусства в педагогический процесс. Педагоги – новаторы, молодые выпускники Алма-Атинской Консерватории, стали формировать скрипичное искусство как творческий процесс, как науку, на основе профессиональной системы обучения.

Последователем великого педагога В. С. Хесса является педагог-музыкант Нина Михайловна Патрушева. Педагог Нина Михайловна Патрушева – Заслуженный учитель Республики Казахстан, кавалер орденов «Трудового знамени», «Достык», «Курмет», лауреата известной премии «Тарлан» (2001), обладатель нагрудного знака имени Ы. Алтынсарина (2007). Она воспитала целую плеяду скрипачей с мировыми именами, которые являются гордостью музыкальной культуры Республики Казахстан. Некоторые из них: А. Мусаходжаева – ректор Казахского национального университета искусств, Г. Мурзабекова – заведующая струнным факультетом в Казахской национальной консерватории имени Курмангазы, а также является руководителем камераты Казахстана, М. Бисенгалиев – заслуженный деятель РК. Разработанные ею методические рекомендации, до настоящего времени исследуются и применяются на практике, что способствует дальнейшему профессиональному росту воспитанников.

В. Т. Ногай, К. И. Бабаев, А. Толганбаев – обучались в консерватории, в классе знаменитых преподавателей: В.С. Хесса и И.Б. Когана. Они продолжили распространения сложившихся педагогических традиций на территории всего Казахстана. Их мастерство определяется такими педагогическими качествами как преданностью своему делу, педагогическое чутье, умение сочетать обучение с воспитанием, уважение и любовь к молодому поколению. Эти качества снискали им славу справедливых, добрых, и, в то же время, требовательных преподавателей, умеющих разглядеть и раскрыть в каждом ученике их неординарные способности, вовремя поддержать и подсказать то верное направление, двигаясь по которому молодой человек, будущий специалист-скрипач, мог бы добиться успеха в жизни. Независимо от степени дарования, индивидуальности, уровня владения игровым мастерством их выпускников можно узнать по организованности в интонировании, качеству звукоизвлечения, ритмической устойчивости, что в комплексе принято называть «культурой исполнения».

Они воспитали плеяду не только прекрасных педагогов, но и главным образом знаменитых и значимых для страны солистов. Особая глубина и тонкость игры талантливых исполнителей находит свое толкование и в азиатской ментальности. Успехи ярких дарований подтверждены на самых престижных и крупных международных конкурсах. Народные артисты Республики Казахстан Гаухар Мурзабекова, Айман Мусаходжаева (обладатель звания «Юнеско: Артист за мир»), Марат Бисенгалиев (обладатель премии «Тарлан»), Арал Байсакалов (заслуженный деятель искусств Республики Казахстан), Джамиля Серкебаева и трио сестер Бековых составляют гордость нации. Каждый из них вносит определенный вклад в пропаганду казахского музыкального искусства. Они достойно представляют Казахстан за рубежом и делают вклад в общее развитие мировой музыкальной культуры. Роль скрипачей-исполнителей республики неоценима в деле пропаганды казахской инструментальной музыки.

Скрипичное искусство Казахстана, получив в наследство такой арсенал как исключительную технику исполнения от выдающихся российских педагогов, прокладывает основы педагогической деятельности в европейскую культуру, европейскую педагогику как «золотой стандарт» при оценке исполнительской деятельности исполнителей.

За небольшой период времени, отечественная скрипичная школа, добилась мировой известности. В наши дни педагоги продолжают упорно трудиться и выпускать молодых исполнителей, которые успешно находят свое место среди музыкантов всего мира.

Литература

1. Ахметова, Д.Е. Роль исполнительского искусства в культурном и инновационном развитии Казахстана / Д.Ахметова // Актуальные проблемы, опыт и перспективы развития традиционной и современной музыки: материалы межд. Научно – практической конференции, посвященной 70-летию КНК им. Курмангазы. – Алматы: КНК им. Курмангазы, 2014. – 2 т. с.16.
2. Жумабекова, Д. Ж. Г. Мурзабекова. Каз.ССР. Краткая энциклопедия. — Алма-Ата, 1991, т. 4. – 688 с.
3. Жумабекова Д.Ж. Выдающиеся исполнители и деятели Казахстана / Д. Жумабекова. – Астана: ЕНУ, 2005. – 90 с.
4. Жумабекова Д. Ж. История скрипичного искусства Казахстана. – М.: Композитор, 2015. – 320 с., нотн. пр.
5. Жумабекова, Д. Ж. Корифей скрипичной школы Казахстана Н. М. Патрушева //Вестник КемГУКИ. – Кемерово, 2014. №28. – С.134–138.
6. Жумабекова, Д. Ж. Первые профессора кафедры скрипки (к 10-летию Основания Каз НАМ)/Д.Ж. Жумабекова// Музыкальное образование и наука: преемственность традиции и перспективы развития: материалы Межд. науч.-практ. конференции, посвященной 10-летию Каз НАМ. Астана: Каз НАМ, 2008. – С. 159–164.

7. Жумабекова, Д.Ж. Скрипичная культура Казахстана: педагогика, исполнительство и композиторское творчество (от истоков до современности): дисс…док-ра искусствоведения. – М, 2015. – 470 с.
8. Иволгина, Л.Ф. Психологический фактор. Преемственность идеи в теории скрипичного исполнительства // Вопросы совершенствования профессиональной подготовки педагога – музыканта: Сборник научных трудов. Выпуск 9/ под редакцией А.Н. Малюкова. – М: МПГУ, 2003. – С.3–73.
9. Казахская национальная консерватория им. Курмангазы; под общ. ред. Ж. Я. Аубакировой. – Алматы: Asu anima, 2004. – 304 с.
10. Толганбаев, А. Исповедь судьбы жестокой / А. Толганбаев. Алматы: Казахстан, 1993. – 112 с.

ХОРОВОЕ ТВОРЧЕСТВО СЕРИКЖАНА АБДИНУРОВА. ВОПРОСЫ СТИЛЯ

Милов Сергей Юрьевич, Милова Инна Анатольевна
Преподаватели Алматинского музыкального колледжа имени П.И.Чайковского

Хоровая музыка композиторов Казахстана конца XX начала XXI века отличается жанровым разнообразием. Данный этап музыкальной культуры отмечен освоением новых выразительных ресурсов хоров, средств музыкального языка. Характерным стало слияние инструментального, симфонического и театрального начал, а также внесение в хоровую музыку черт смежных видов искусства. Усиление роли этих факторов способствовало качественному обновлению хоровой музыки, придав ей черты новаторства и смелости композиторской мысли.

Творческий арсенал казахстанского композитора Серикжана Абдинурова охватывает почти все музыкальные жанры, которые отличаются оригинальностью и высоким профессионализмом.

Хоровая музыка интересовала композитора с самого детства. Еще не думая о своей будущей профессии, он уже был увлечен хоровым творчеством отечественных композиторов, а также ближнего и дальнего зарубежья. И в студенческие годы С. Абдинуров уже сознательно изучал хоровые номера из опер, в особенности русской и советской композиторской школы. «В хоре я видел огромные возможности, где можно воплотить свои творческие идеи. Хор - это живой инструмент. Только человеческий голос может передать тонкие душевные струны, духовное состояние человека. В этом отношении, для меня хор был всегда интересным. Когда я писал свои хоровые сочинения, я всегда искал в них звучание казахских народных инструментов - как можно их воплотить именно через хоровое исполнение с участием казахских традиционных жанров» [1,с.4].

Хоровую музыку С. Абдинуров открыл через творчество своего вдохновителя - Р. Щедрина. Кроме того, на С.Абдинурова значительное влияние оказала, и казахстанская композиторская школа в лице Г. Жубановой, Е. Рахмадиева, учителя С.Абдинурова - К. Кужамьярова.

Обработки народных песен Б. Байкадамова и других композиторов для С.Абдинурова были очень интересны и близки «В них я находил родные интонации» [1, с.5].

По словам С.Абдинурова, из современных композиторов, писавших для хора, по творческому духу для него ближе: Р. Щедрин, Г. А. Кончелли, Т.З. Шахиди, А.Г. Шнитке, С.А. Губайдулина, Г.В. Свиридов, В.А. Гаврилин.

Смешанный хор и вокал привлекали внимание композитора еще со студенческих лет. Им были написаны: вариации для голоса и фортепиано на тему песни «Хорлан» народного композитора Естая, завоевавшие 1-е место на Всесоюзном конкурсе молодых композиторов (Москва, 1987), квартет для фортепиано, скрипки, виолончели и домбры с голосом, занявший 1-е место на Республиканском конкурсе творческой молодежи «Жигер-88», поэма для голоса и фортепиано, поэма для чтеца и симфонического оркестра. Возможность передать смысл сочинения музыкой и словом - вот что привлекает композитора в данном выборе [3].

С.Абдинуров тяготеет к монументальным формам хоровой музыки: бейт-симфония, концерты, концертштюк, дастан. В казахстанской композиторской школе эти жанры написаны впервые композитором С. Абдинуровым.

Музыканту принадлежит роль первооткрывателя, основоположника жанра хорового концерта в Казахстане (подробнее об этом в работе Жолдасовой Н. К.: «Стилевые особенности хорового творчества Абдинурова С. К. на примере концерта для хора).

С. Абдинуров – автор многих вокально-симфонических произведений, среди которых особенно выделяются «Ұлы Дала» для хора, солистов и оркестра, поэма «Қазақ елі» для сопрано, баритона, хора и большого оркестра, «Поэма для хора и оркестра», «Кантата для женского хора, солистов и оркестра». Уникальны в казахской музыкальной культуре его хоровые концерты и хоровая симфония: «Концерт для смешанного хора a capella в четырех частях», «Концерт для хора №2», «Концертштюк», «Бейт-симфония» для хора [2].

Хоровые сочинения С.Абдинурова отличаются смешением инструментальной и песенной традиций, а также синтезом европейской и казахской национальной культуры. Подтверждению этому может послужить музыкальный пример из II части Концерта №2 для смешанного хора. Полифоничсекий склад партии женских голосов – это протяжная мелодия с чертами народной песни, которая звучит на фоне мужских голосов, играющих роль инструментального сопровождения:

С.Абдинуров. Концерт №2 для смешанного хора. II ч.



Сейчас для композитора вызывают огромный интерес для воплощения творческих замыслов – домбровые (Концерт для хора №2, III часть - интерпретация домбрового кюя), кобызовые, а также европейских формы: рондальность, вариационность (Концерт №2, I часть), но в то же время в них есть своя специфическая особенность.

В последней трети XX века запас языковых средств хоровой музыки значительно обогащается. Важной направляющей в этой области стала тенденция привлечения шумовых призвуков к звучанию голосов и объединения «чистого» пения с речевыми элементами.

Исполнительская свобода хора, как например в Поэме для хора в 4-х фрагментах С.Абдинурова, проявляется в характере тембра солистов. В меру своих голосовых возможностей каждый солист может регулировать интонацию речи, силу и высоту голоса, выражая ту или иную эмоцию, подобно драматическим актерам. В итоге с помощью «подмены» пения звукоподражательными элементами композитор реалистично и красочно воссоздает разноголосицу звуков природы:

С.Абдинуров. Поэма для хора в 4-х фрагментах.



Практически все хоры композитора написаны для четырёхголосного смешанного состава. Исключение составляют фрагменты Поэмы для хора. Сочинения для неполных составов имеют оригинальные решения, обусловленные особым художественным замыслом. Всю мощь Поэмы для хора композитор претворил в 4-м фрагменте. Исполнительский состав– трехголосный женский хор, два солиста, чтец:

С.Абдинуров. Поэма для хора в 4-х фрагментах.

Серикжан Абдинуров – глубокомыслящий, целенаправленный художник, ищущий свои собственные пути в мире музыки. К творчеству композитора следует отнести такие качества, как свобода мышления, повышенный интерес к национальным истокам, религии, истории родного Казахстана.

Красочная трактовка хора является стилевой приметой хоровой музыки С. Абдинурова. Он стремится к разнообразнейшим тембровым сочетаниям. Хоровой музыке С. Абдинурова свойственны ясность формы, естественная пластичность голосоведения, яркость национального колорита. Стиль хоровых произведений С.Абдинурова – это своеобразный сплав инструментальной и песенной традиций, а также синтез европейской и казахской национальной культуры.

Литература:

1. Милова И.А. Материалы интервью И. Миловой с композитором С.Абдинуровым [Текст] —Нур-Султан, 2019. — 5 с.
2. Галиева С. Штрихи к портрету Серикжана Абдинурова [Текст]//Новая музыкальная газета – Алматы, 2012.
3. Родина Е.А. Презентация творчества современных композиторов Казахстана братьев Абдинуровых [Текст]//Методическая разработка в рамках сотрудничества Российского и Казахстанского народов — Омск, 2020.

КОБЫЗ-ПРИМА АСПАБЫНЫҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕРІНДЕГІ ФАТИМА БАЛҒАЕВАНЫҢ ЕҢБЕГІ

Медет Айым Медетқызы, 3 курс студенті
Оқытушы Кунафина Қарлығаш Хасейінқызы
Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі

Кәсіби қобыз өнерінің негізін қалаушы, қобызды әлемге паш еткен қобызшы ұстаз Фатима Жұмағұлқызы Балғаева - консерваторияның қобыз класының тұңғыш түлегі болған профессор өмірден кетсе де, кейінгі буын көңілінен өшкен емес. Аспаптың әуезді әсем үнін әлем жұртшылығына тұңғыш тыңдатқан Фатима Балғаева екені аян. Қобыздың ысқышының орнына смычокты пайдаланған кәсіби қобызда Фатима апамыз тек қазақ күйлерін ғана орындап қоймай, шығарма қорын әлем классиктерінің туындыларымен де байытқан. Фатима апайдың насихатының арқасында төрт ішекті қобыз үлкен орындаушылық деңгейге жетті. Қазақстанның түкпір-түкпірінде ол кісінің шәкірттері қобыздан сабақ беріп жүр.

Қобыз - таңқаларлық пішінді және ғажайып сазды, бай тембрлі аспап. Дәстүрлі қазақ қобызы бұл – шанағы терімен қапталған, қылдан жасалған екі ішекті ысқышпен тартып ойналатын аспап, ішектері аттың қылынан жасалған соң қыл-қобыз атауы берілген болатын. Біреулер оны құстың дауысына ұқсатады. «Оның дауысы аспаптың шегін аттың жалынынан керілген қылдан тартылған еспе ысқышпен үйкелегенде аққудың үніне ұқсас шығады» деген екен – П. Паллас.

1930 жылдары А.Жұбановтың басшылығымен қазақтың халық аспаптары оркестрі құрылып, тапсырыс бойынша музыкалық аспаптар жасайтын шеберлер Э. Романенко мен Қ.Қасымов қобыздың жаңа түрлері мен үш ішекті прима-қобыз жасады. Прима қобыздың алғашқы қыл қобыздан айырмашылығы үш ішекті болды: екі қыл ішек, үшіншісі металл. Қобыздың қыл ішектері аспаптың дыбысына жұмсақтық пен адам дауысының үнін берсе, металл ішектің пайда болуы аспаптың диапазонын кеңейтіп, оркестрге күрделі шығармаларды ойнауға мүмкіндік берді.

Бұрауы «соль», «ре», «ля» дыбыстарына келтірілді. Жалпы қобыз аспабы үш ішекке ауысқаннан соң кәсіби жолға түсті, келесі өрлеу кезеңі 1944 жылы Құрманғазы атындағы консерваториясының ашылуымен байланысты. 1953-1954 жылдары Досымжан Тезекбаевтың жасап берген чертежі бойынша музыкалық аспаптар жасайтын шеберлер А.Першин мен А. Тұрдыбаев жаңа төрт ішекті прима-қобыз жасап шығарды. Кейін, Тезекбаев аспаптың бетіндегі теріні алдырып, 4 металл ішек қойдырып, формасын скрипканыкіне ұқсатты. Төрт ішекті қобыздың айырмашылығы тек қосылған төртінші ішегінде ғана емес, оның құрылысына, жасалуына айта қаларлықтай жаңалықтар қосылды, дыбыс көлемі өсті, аспаптың мойыны қысқарып, ойнау тәсілі жеңілденді, сол қолдың саусақтарын ішекке дұрыс ыңғайлы қалыптастыруға жағдай туды.

Қазақ ұлт аспаптар оркестрі дүниеге келгеннен көптеген аспаптар өзгеріске түсті. Сол өзгеріске түскен жаңа сым қобыз аспабына алғашқы болып

академик А.Жұбановтың өзі арнайы туындылар жазды. Пьесалары сол кезден бастап қазіргі уақытқа дейін көпшілікке белгілі, қобызшылар репертуарына енгізілген кең қолданыстағы шығармалар болып табылады. Бұл салада еңбек еткен А.Жұбанов бастаған композиторлар: Е.Брусиловский, М.Төлебаев, А.Шабельский, Қ.Мусин, В.Великанов, Л.Хамиди және тағы басқа аға-композиторлар буыны.

Белгілі қобызшы Фатима Жұмағұлқызы Балғаева 1927 жылы 5 мамырда Шымкент облысының Қызылбастау аулында дүниеге келді. 1928 жылы Балғаевтар отбасы Алматы қаласына көшіп келді. Ол жас кезінен-ақ бай музыкалық ортада өсті. Сондықтан, музыка өнерін үлкен қызығушылықпен бойына сіңірді. 1942 жылы Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясындағы қазақ халық аспаптары оркестріне үйренуші ретінде қабылданды. Бұл кезде 15 жасар Фатиманың алғашқы үлкен өнердің есігін ашуы еді. Алғашында домбырашы Науша Бөкейхановтың шәкірті болып, кейіннен Республикаға танымал домбырашы Қали Жантілеуовтен дәріс алды. Ұстазы Қ.Жантілеуовпен бірге оркестрде бірінші пультте отырды. Екі-үш жылдың ішінде домбыраны жетік меңгерген Ф.Балғаеваның жүрек түкпірінде жасырынған өзгеше мақсаты бар еді. Ол оркестр құрамындағы әйгілі қобызшы Жаппас Қаламбаев пен Гүлнафис Баязитованың қобыз аспабында ойнауына қатты әуестенетін. Әсіресе, қобыз ойнау әдіс-тәсілі, аспаптан төгілген әдемі ғажап үні, Балғаеваны еріксіз баурап, оның ішкі жан-дүниесі осы аспабын таңдауға итермеледі. Мұны дер кезінде сезген Ж.Қаламбаев, Фатимаға қобыз ойнауды үйретуге жалықпады. Ал, Балғаева аз уақыт ішінде күрделі аспапты тез меңгеріп алды.

Осылайша сым қобызшы өзінің кәсіби музыкалық еңбек жолын Құрманғазы оркестрінде бастады. Өзінің музыка өнеріне деген алғашқы қадамын қалыптастырған ұжым – Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық ұлт-аспаптар оркестрінде, оның мүшесі, кейіннен қобызшылар тобының жетекшісі әрі жеке орындаушысы ретінде 22 жыл бойы қажырлы еңбек етті. 1944 жылдың 24 шілдесінде Алматы қаласында Құрманғазы атындағы консерватория ашылып, 1945 жылдың қыркүйегінде халық аспаптары бөлімінде алғашқы сабақтар басталды. Бұл бөлімнің құрылуы академик, ғалым, сазгер А.Жұбанов тікелей еңбегінің арқасы екені белгілі. Сол жылдары Ф.Балғаева өз қабілетін жоғары біліммен ұштастырмақ ниетімен жаңадан ашылған Құрманғазы атындағы консерваторияның қобыз сыныбына оқуға түседі. Сол кезде Петербург консерваториясының профессоры А.С.Ауэрдың шәкірті, белгілі скрипкашы И.А.Лесман А.Жұбановтың өтініші бойынша скрипкамен қатар қобыз сыныбында да дәріс жүргізді. И.А. Лесманнан алған сабақтарын еске алып Ф.Балғаева ол туралы өте жылы жазады. Беделі биік ұлағатты ұстаз, сабақ беру мәдениеті, көркемдік талғамы маған үлкен әсер етті. Білгірлігінен басқа талапшылығы жоғары болды. Осы кісінің арқасында, аз уақыттын ішінде мен үлкен жетістіктерге жеттім. Ф.Балғаева жоғарыда мінездеген скрипкашы Лесманнан сабақ алғаны кәсіби маман ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізді. Ұлағатты ұстаз қобызшыларға сабақ бере жүріп, скрипкашылардың озық әдістемелерін, жинақтары мен өзінің

педагогикалық мол тәжірибесін пайданала отырып «Қобыз үйрену мектебі» және «Техникалық жаттығулар» атты еңбектерін жазып шығарды. Оның жоғары мәдениеттік терең білімі, Ф.Балғаеваның маман ретінде қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. И.А.Лесман қобызшыны жеке орындаушылықпен қатар, ансамбльмен бірге орындауға да баулыды. Ф.Балғаева кәсіби педагогикалық орданың бірінші кірпішін қалаған «пионер» атанған ұстазына ризашылығын білдіріп өтті. Ұстазы оған ансамбльмен бірге қосылып ойнауды, нақты интонацияны тауып жоғары, кәсіби музыкалық көзқарастың қалыптасуына зор септігін тигізді. Ұлттық оркестр құрылған шақта, қобызға арналған бірде-бір оқу құрал немесе арнайы шығармалар жоқ еді. Осы аспапқа арналған алғашқы шығармаларды Қазақстан композиторлары А.Жұбанов, М.Төлебаев, Л.Хамиди, Е.Брусиловский, С.И. Шабельский жазды. Ал Фатима Балғаева жаңа үш ішекті қобызға арналған ұлттық классикалық шығармаларды жоғары кәсіби шеберлікпен бірінші болып ойнаған қобызшы. Әрине, жаңадан музыка өнріне келген үш ішекті сым қобызға сол уақытта арналған әдістемелік құралдар мен Қазақстан композиторларының шығармалары жоқ кезі еді. Ал, Фатима болса өз өнерімен осы кәсіби жаңа қобызға композиторлардың қызығушылығын тудырғаны рас. Қазақстан композиторлары қобызға арнап қазақ күйлері мен әндерді, шағын пьесалар мен шығармаларды шығара бастады. Жаңа туындыларды бірінші болып қобызшы Ф.Балғаева орындады. Осыған дәлел музыкатанушы С.Райымбергенованың сөзін келтіруге болады: «Ее исполнительская деятельность, мастерство и виртуозность побудили многих видных композиторов Казахстана писать музыку именно для кобыза – А.Жубанова, Л.Хамиди, Е.Брусиловского, К.Кумисбекова и других». А.Жұбановтың аспапты-камералық туындылардың ішінде «Қобызға арналған бес пьесасы» үздік болып табылады. Фортепианоның сүйемелдеуімен орындалатын туындыларда композитордың әуендік дарыны, музыкасының лирикалық табиғаты кеңінен ашылды. Әсіресе, «Көктем» мен «Арияда» анық көрініс тапқан. Пьесалардың әуені әсем, әрдайым үні жаңаша шығып, әуендік тыныстары кеңейе түседі. 1950 жылы Ф.Балғаева консерваторияны бітіріп, халық аспаптар оркестрінде қобызшылар тобының концертмейстері болып көп жылдары елеулі еңбегін сіңірді. Сонымен қатар, ұстаздық, орындаушылық және ғылыми еңбек жолдарын нәтижелі жүргізе білді. Оның өміріндегі ерекше атап өтетін оқиғалар: – бүкіл дүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивальдерінде: Берлинде (1951 ж.), Бухарестe (1953 ж.)және Мәскеуде (1957 ж.) қобызда жеке ойнап, лауреат атағына иеленуі. Берлинде өтетін халықаралық байқауға қатысу үшін А.Жұбанов арнайы «Көктем» атты пьесасын жазды. Композитордың бұл шығармасында табиғат сұлулығы мен адамның жан дүниесін тіршілік ләззатқа бөлейтін көктем көрінісінің әдемі әсері берілген. Қуанышты әсем шығарма, вальс жанырында суреттелген. Осындай сипатта жазылған «Көктем» шығармасын Балғаева жан тебіренісімен, аспаптың шуақтай төгілген әуенімен тыңдаушыларының жүректеріне жеткізе орындап бірден баурап алды. Консерваторияның түлегі, қазір ДМШ № 1 А.Қашаубаев атындағы мектептің директоры С.Райымбергенова Балғаеваны еске алып осындай пікір білдіреді: «У каждого своя судьба, но у первого выпуска

Работая с учащимися на уроках, я стремлюсь побуждать их к познавательной деятельности, обеспечивающей необходимый уровень знаний в этой области. Знакомлю учащихся с теоретическим материалом, касающимся существенных сторон, основных направлений, стилей, жанров. Именно в фортепианном классе представляются возможности соприкоснуться с универсальным репертуаром, богатым стилистически и жанрово. Поэтому так важна соответствующая, продуманная организация обучения учащихся, которая формирует необходимый профиль мышления, провоцирует необходимые волевые усилия к осуществлению цели, обеспечивает развитие умения самостоятельно ориентироваться в многообразии художественных содержаний. На практике это умение может преломляться через эстетико-исполнительский анализ каждого конкретного произведения. Анализ этот должен концентрировать музыкально-теоретические, музыкально-исполнительские, мировоззренческие, психологические, эстетические знания учащихся. Это осуществляется нами на материале изучаемых произведений.

С помощью музыки и слова стараюсь помочь не только восприятию конкретного произведения, но и дать необходимые знания, понятийный аппарат, которые помогут учащимся в дальнейшем самостоятельно разбираться в музыке, повысят интерес к ней, углубят восприятие.

В развитии способностей к музыке лежит большой труд ребенка. Но если начать общение с привития трудолюбия, с отработки серьезных заданий, сложно добиться обратного результата.

Музыкальное воспитание – это воспитание музыканта и человека. Обычно у детей в раннем возрасте находит эмоциональный отклик прослушивание таких произведений, как «Полет шмеля» из оперы «Сказка о царе Салтане» или мелодий из «Детского альбома» П.И.Чайковского

Мелодия помогает почувствовать неповторимую красоту того, что дети до сих пор не замечали в природе – тихого трепетания листьев, шорох дождя, осеннее увядание и весеннее пробуждение природы.

Но учение не может быть всегда легкой игрой, сплошным и постоянным удовольствием. Оно, прежде всего, труд. Но организовывая этот труд, надо учитывать возрастные особенности духовного мира ребенка, его психологию на каждом этапе взросления, умственного, нравственного, эмоционального, эстетического, музыкального развития.

Для ребенка конечная цель – овладение музыкой не может быть главным стимулом его усилий, как у взрослого. Источник желания учиться музыке в самом характере детского труда, в его эмоциональной окраске, в

эмоциональных переживаниях. Поэтому в данном возрасте важны игровые приемы, слушание музыки, фантазии детей, маленькие концерты для родителей, друг для друга, «экскурсии в мир музыки», шефские концерты в соседнем детском саду. Как показала моя практика, последнее особенно нравиться юным музыкантам, которые хотят поскорее испытать свои силы, при этом почувствовать, как важен труд, стремление к развитию своих способностей.

В это время существенное место занимает связь музыканта-педагога с родителями, чтобы совместно выработать у учащегося младших классов устойчивое желание заниматься музыкой. Родители должны проявлять интерес к успехам ребенка, создать ему условия для выполнения домашних заданий, осуществлять посильный контроль, поощрять успех своих детей.

Преподаватель музыки, в свою очередь, должен работать над развитием потенциальных способностей от простого к сложному, с учетом того уровня, который он почувствовал на первом этапе. Это и подбор задания от простого к сложному, отработка техники игры, воспитание усидчивости, развитие музыкального слуха, чувства ритма с помощью различных упражнений.

На следующем этапе необходимо постоянно культивировать ум и чувства ученика, его способность логического мышления, умение пользоваться исполнительскими выразительными средствами, развивать его творческую фантазию. Учитель не только знакомит учащихся с творчеством выдающихся музыкантов, но акцентирует их внимание на ту волю к труду, которая, например, сочеталась у Грига с непосредственностью вдохновения. Ведь в возрасте 12 лет Григ написал своё первой сочинение - вариации на немецкую тему для фортепиано.

Для того, чтобы еще больше заинтересовать учащихся историей музыкального искусства, можно добавить им задание найти и приготовить для классного часа материалы о знаменитых музыкантах.

При этом надо учитывать необходимость и важность регулярной работы по игре. Это ценно не только своей практической направленностью, но и слуховым постижением законов музыки. Обеспечивается координация «читающего глаза», «слышащего уха» и играющих рук, которая вырабатывается при регулярных упражнениях в игре на фортепиано.

Большое значение для развития музыкальных способностей учащихся имеет игра в ансамбле. Они учатся слушать друг друга, вовремя вступать в игру, развивается чувство ритма, музыкальный слух, совершенствуется техничка игры, умение держать темп. Игра в ансамбле оказывает так же эмоциональное воздействие на играющих. Вызывает чувство радости, удовлетворения от своей работы, способствует движению вперед, развивает потенциальные способности.

Важно в период обучения в детской музыкальной школе выявить детей с признаками таланта и способностей к музыке и всемерно развивать их в процессе обучения, подготовить их к следующей ступени музыкального образования, побудить их к профессиональному обучению музыке. Так, например, Шагидевич Андрей закончил дополнительное образования на

«отлично» по классу фортепиано, поступил в училище искусств на вокальное отделение, затем продолжил обучение в Консерватории г. Санкт-Петербург.

Алифирова Полина после дополнительного образования продолжила обучение в предпрофильном классе училища искусств

Курбанов Руслан из класса дополнительного образования по фортепиано поступил в предпрофильный класс, затем в училище искусств, продолжил музыкальное образования в институте культуры в России, вернулся в Казахстан работать по профессии.

Прокаева Кристина закончила дополнительное образование, в связи с отъездом семьи в г. Барнаул, поступила там в музыкальное училище.

Строкова Ирина училась в классе дополнительного образования по фортепиано, затем в предпрофильном классе, поступила здесь в музыкальное училище, переехала в Одессу, поступив в музыкально-педагогический институт на факультет музыкального образования.

Но даже те дети, которые закончили только музыкальную школу, получили хорошую путевку в жизнь. Занятия музыкой помогли их интеллектуальному развитию, формированию силы воли, трудолюбия, целеустремленности, воспитали нравственные критерии, подняли общую культуру. Все это необходимо в любой профессии. В конечном итоге, занятия музыкой помогают формировать всесторонне развитую личность, достойного человека, полезного члена общества.

Используемая литература

1. Сухомлинский В.А. «Избранные педагогические сочинения», Москва, Педагогика, 1979
2. Сара Алпысовна Назарбаева «С любовью», Алма-Ата, 2001
3. Сохор А. «Воспитательная роль музыки», Москва 1975
4. Аушева И.У. «Развитие культуры речевого общения будущего учителя-музыканта» МГП «Аль-Фараби» 1991

О ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЯХ В ПОДГОТОВКЕ МУЗЫКАЛЬНЫХ РУКОВОДИТЕЛЕЙ

Преподаватель Дерига Татьяна Михайловна,
Селина Софья Сергеевна студентка 3-го курса,
КГКП «Восточно – Казахстанское училище искусств имени народных артистов братьев Абдуллиных»

Глава нашего государства Касым-Жомарт Токаев в своем Послании сказал: «Необходимо, чтобы поколение 21 века было глубоко образованным, а в основе каждого дела должна лежать высокая подготовка специалистов и профессионализм» [1].

Современная система образования, в том числе музыкального, требует использования в ней современных методов обучения. Инновационные педагогические технологии, включающие компьютерные, позволяют эффективно использовать в обучении такие важные преимущества как:

возможность построения открытой системы образования, обеспечивающей каждому индивиду собственную траекторию самообразования; возможность интерактивного взаимодействия со средством обучения, воздействие на содержание обучения, его структуру; эффективную организацию познавательной, тренажерной и контролирующей деятельности обучаемых в ходе учебного процесса; ориентацию на интересы развития личности и индивидуализация учебного процесса при сохранении его целостности. [2].

За сравнительно небольшой период развития музыкальных цифровых технологий было создано множество аппаратных и программных средств различного назначения. Их интенсивное обновление во многом определяется сформировавшимся спросом – активным применением в сферах музыкального быта, образования, творчества, синтеза звука и звукозаписи. Качественный и количественный рост, присущий цифровому инструментарию, их многообразие и обилие функций зачастую ставят пользователя в тупик. Научить студентов разбираться в цифровых средствах, свободно оперировать параметрами инструментов, творчески применять их музыкально-выразительные возможности – непростая педагогическая задача. Главной целью этого процесса является достижение такого уровня знаний, умений и навыков, которые обеспечат концентрацию учащегося на творческом процессе создания музыки без отвлечения на нахождение необходимых функций цифрового инструментария. Данная цель предполагает формирование у студента обобщенных или универсальных способов действия с различными категориями и видами музыкально-цифровых инструментов (МЦИ).

В настоящее время изменились требования к профессиональной деятельности музыкального руководителя со стороны информационного общества. Музыкальный руководитель – это сценарист, актёр, поэт, костюмер, художник – оформитель, дирижёр, инструменталист и т.д.

За весь период обучения на специальности СКД и НХТ квалификации «Музыкальный руководитель детского коллектива» студенты изучают большое количество дисциплин, как общеобразовательного так и общепрофессионального и специального циклов. Среди них и те, которые погружают их в большой мир информационных технологий, в т.ч. и музыкальных. Из цикла общеобразовательных дисциплин это «Информатика», цикла специальных дисциплин - «Знакомство с электронным музыкальным оборудованием» и «Хоровая аранжировка».

Остановимся немного подробнее на каждой из этих дисциплин.

«Информатика». В рамках её изучения учащиеся знакомятся с информационной картиной мира, информационными системами и ресурсами, настройкой и установкой периферийных устройств, учатся работать в программах Microsoft Word и Excel и т.п., расширяют свои первоначальные навыки пользования компьютером, смартфоном и другими периферийными устройствами.

«Знакомство с электронным музыкальным оборудованием» - эту дисциплину изучают только студенты квалификации «Музыкальный руководитель детского коллектива». Они знакомятся с различными аудио и

видео-редакторами, учатся работать с микшерным и цифровым пультом, устанавливать и настраивать микрофоны, т. е. навыкам звукорежиссёра в широком смысле этого слова.

Более подробно остановимся на одной из программ, изучаемых студентами. Аудиоредактор «Reaper». Характерной чертой этой программы является простота использования, а также, возможность работы в программе без приобретения платной лицензии. У неё есть и свои минусы – для полноценного сведения и редактирования звука требуется скачивать плагины, например, «Lame», чтобы иметь возможность сохранять материал в формате MP 3. Инструменты для обработки звука, такие как эквалайзер, скачивать тоже нужно отдельно. Учёт небольших, но всё же минусов работы в программе «Reaper» поспособствовал самостоятельному поиску студентами нового варианта программы для сведения звука. Так, в процессе выполнения домашнего задания они познакомились с аудиоредактором «Mixcraft 9 Recording Studio». Очень бы хотелось отметить, что разобраться в принципе работы данной программы студентам было довольно легко. Огромный интерфейс, отсутствие необходимости скачивания плагинов, встроенные пресеты - всё это положительные стороны «Mixcraft 9 Recording Studio». Отрицательной стороной данной программы является ограниченный срок действия бесплатной лицензии. Таким образом, произошло то главное, чему и способствуют МЦИ – развитие поисковых и творческих способностей, саморазвитие и самосовершенствование.

На данной дисциплине студенты также познакомились с одним из нотных редакторов Muse Score. Эта программа даёт возможность быстрого ввода нот не только с компьютерной клавиатуры, но и с внешней MIDI-клавиатуры. Программа поддерживает импорт и экспорт данных в таких форматах, как MIDI, MusicXML, LilyPond, PDF, MP 3. Эта программа отличается простотой в использовании и лаконичностью.

С другими нотными редакторами: Finale и Sibelius студенты познакомились на дисциплине «Хоровая аранжировка». При выполнении домашних заданий (переложений для различных составов хора) им предоставлялось право выбора одного из трёх нотных редакторов. Многие выбрали для себя Muse Score. Он оказался наиболее простым и удобным в использовании и учащиеся уже имели навыки работы в нём. Также он в отличие от вышеназванных нотных редакторов является полностью бесплатным. Некоторые студенты 3-го курса выполняли свои задания в двух форматах – MP 3 и PDF. В MP 3 они могли прослушать выполненное ими переложение и услышать свои ошибки. Соответственно можно сказать, что на дисциплине «Хоровая аранжировка» студенты расширили свой кругозор в мире МЦИ, повысили творческий потенциал и развили (улучшили) гармонический слух.

На дисциплинах «Методика работы с хоровым коллективом», «Методика музыкального воспитания», «Учебная и технологическая практики», студенты применяют знания и навыки по применению МЦИ уже полученные ими ранее.

Таким образом, формирование системы обобщенных способов действия при работе с музыкально-цифровыми инструментами (МЦИ) в процессе творческой деятельности открывает студентам пути к дальнейшему развитию и самосовершенствованию, нацеливает на быстрое и глубокое освоение новых МЦИ, создает условия для вырабатывания аналитического мышления, что в целом может оказаться определяющим для их будущего профессионального и карьерного роста.

В целом же на сегодняшний день подготовка специалистов в области любого музыкального образования, в том числе и музыкальных руководителей без применения современных музыкально-компьютерных технологий совершенно немыслима.

Литература

1. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. 1 сентября 2020 г. «Казахстан в новой реальности: время действий» - официальный ресурс Премьер – Министра Республики Казахстан, primeminister.kz
2. Кульневич С.В. Педагогика личности от концепций до технологий: учеб.-практич. пособие для учителей и классных руководителей, студентов, магистрантов и аспирантов пед. учеб. заведений, слушателей ИПК. Ростов н/Д.: Творческий центр «Учитель», 2001. - 160 с.

АСПАПТА ОЙНАУДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ПӘНІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

Қожамқұлова Күләй Әкімханқызы «П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі» РМҚК оқытушысы

Егер балалық шақта музыкалық шығарманың әдемілігі жүрекке жететін болса, егер бала дыбыстан адам сезімінің сан қырлылығын сезе білсе, ол басқа амалдардың ешқайсысымен жете алмайтын, мәдениет баспалдағына көтеріледі.

В.А. Сухомлинский

ЮНЕСКО-ның анықтауы бойынша, «педагогикалық технология – бұл білім беру түрлерін оптимизациялауға жататын, техникалық және адами ресурстарды есепке ала отырып, сабақ берудің барлық процестерін қолдану, анықтау және білімді меңгерумен қатар олардың өзара әрекеттесуін жасаудың жүйелі әдісі.

Бұл ұғым үш аспектіде көрінеді:

1. Ғылыми: педагогикалық технологиялар– педагогикалық процестің мазмұны мен оқыту әдістемесін және оны жобалаудың мақсатын зерттейтін және құрастыратын педагогика ғылымының бөлігі;
2. Процессуалды-сиппатау: (алгоритмді сипаттау) жоспарланған оқыту нәтижесіне жету үшін процестің, мазмұнның, әдіс пен тәсілдің, мақсаттың жиынтығы;

3. Процессуалды-әрекеттік: технологиялық (педагогикалық) барлық жеке, аспаптық және методологиялық педагогикалық амалдар процесін іске асыру;

Музыкалық оқу орнының болашақ педагогін тиімді оқыту үшін оған оқыту нәтижелерін жобалау әдісін меңгеру керек. Қазіргі уақытта ғалымдармен бірнеше жобалау моделі құрастырылған. Оның ішінде, нақты проблеманы шешудің мынадай бағдарламасынан тұратын жүйелі-әрекеттік модель тиімді де ыңғайлы. Ол: мақсаттар пен міндеттерді анықтау, қолжетімді ақпарат жинау, берілген деректерді ретке келтіру және топтастыру, оларға сараптама жасап, бір бірімен байланысын анықтау арқылы жұмыс істеуінің аралық өлшем бағандары тізбегін құру және олардың анықтауышын мақұлдау. Әрі қарай іс әрекет қойылған мақсатқа орай жүзеге асады. Одан соң құрылым-концепция анықталады да бүтіндей дамуды қамтитын принциптік модель жасалады. Қорытындысында бөліктердің әр түрлі қисынмен келуі қарастырылып, гипотеза қабылдау сынағынан өтеді.

Қазіргі біздің компьтерлік техника үстемдік құрып тұрған заманымызда, кішкентай баланы музыкалық аспапта ойнауға үйрете қоюдың өзі оңай емес. Аспаптың клавиштерін басқаннан гөрі компьютердің пернетақтасын басу жеңіл де әрі онда бір сәтте басқа әлемге түсе қаласың. Әрине музыкалық аспаппен қиындау болады, өйткені аспапта саусақты дұрыс қою керек және дұрыс басу керек. Ал, егер ішекті аспап болса ше? Онда саусақты басқаннан ауырсыну да тууы мүмкін, сол кезде жәй қарапайым әннің өзін ойнауға зауқың соқпай қалады.

Баланы аспапта ойнауды үйретіп, оған тәрбиелік, музыкалық орындаушылық құндылықтарды бойына сіңіру үшін, сонымен бірге, қызығушылығын оятып, музыкалық аспапты жақсы деңгейде меңгерту үшін, балалар музыка мектебі мен музыка педагогінің атқаратын ролі зор.

Аспапты үйрету мамандығынан (арнайы аспап) сабақ беру үшін, сол аспапта жақсы орындау деңгейі болып қана қоймай, сонымен бірге музыка мектебіндегі немесе музыкалық оқу орнындағы сабақ беру жүйесін және сабақ жүргізудің, оның ішінде, оқушыда аспапта ойнаудың әр түрлі дағдыларын қалыптастыру әдістерін білуі тиіс.

Колледжде оқыту кезеңінде педагогикалық практика тәжірибелі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асса, ондағы өткізілетін екі жылдық педагогикалық практика пәні балалар музыка мектебінің алғашқы оқыту кезеңдерінің ғана сабақ өту процестерін қарастырып, ал қалған кезеңдерін теориялық тұрғыдан ғана үйретеді. Сонымен бірге, музыкалық орындаушылыққа үйренуде мамандық пәнінен сабақ жеке кластарға бөлініп жүретіндіктен, әрбір класс та өзінің жеке оқу бағдарламасы мен дағдылар қалыптасуының өзіндік тізбегін жасайды.

Сондықтан да **аспапта ойнауды оқыту әдістемесі пәні** болашақ орындаушы музыкант-педагог алдында туындайтын тәжірибелік және кәсіби мақсаттар мен міндеттерді бір жүйеге тоғыстырып, шешуді үйренуге бағытталған.

Музыкалық аспапта ойнауды оқыту әдістемесінің негізгі мақсаттағы үш бағытын атауға болады. Олар:

1. Болашақ педагогтің жоғары көркемдік талғамын дамыту;
2. Аспапта «ән салу» негізінде қаланған, терең эмоция мен орындаудың көркемдік деңгейін қалыптастыру;
3. Негізгі, фундаменталды бағыт – болашақ педагог ретінде балалар музыка мектебінің 1-5 сынып аралығындағы барлық оқыту процестерін және осыған сәйкес оқыту процесінің барлық кезеңіндегі оқушыда орындау дағдыларын тәрбиелеу мен қалыптастырудың тәсілдерін жетік меңгеру.

Музыкалы-педагогикалық әрекеттің нәтижесі қазіргі заманда өз орнын тапқан музыкант немесе музыкалық жағынан дамыған адам болып табылады. Мұндай нәтижеге жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

– Музыкалық қабілетті және оның даму сатысын анықтай білу;
– Музыкалық қабілетті дамытудың негізгі әдістерін білу;
– Арнайы аспаптан (мамандық) жеке сабақта жалпы педагогикалық оқыту әдістерін қолдана білу;
– Музыкалық шығарманың мазмұнын анықтап, онымен жұмыс істеу тәсілдерін білу.

Ысқышты аспаптарды оқытуда басты қиындықтардың бірі - оң және сол қолдардың әр түрлі функцияларды бір уақытта орындауында. Сондықтан да ең алғашқы үйретуде және ондағы сабақ жүйесінде сол және оң қол қойылымдары белгілі бір уақытқа дейін бөлек жүргізіледі. Бұл өзінің әдістемелік шешімін тапқан тәсілдердің бірі деп айтуға болады. Оң қолдың қойылымында ең алдымен қарындаш ұстап үйретіледі, содан кейін ғана оң қолға ысқыш ұстап жүргізіледі, ал бұл кезде сол қол ішектегі басу дағдыларын шертіп ойнау арқылы қалыптастырып жатады. Сол сияқты алғашқы дағдыларды меңгеру қиындық тудыратын оқушыларға бұл процесті жеңілдетуге мүмкіндік беретін жеке әдістер құрылуы тиіс.

Балаға әрбір дағдыны біріктіріп өткеннен гөрі, жекелеп өткенде тез әрі жеңіл меңгеретіні дәлелденген. Осыған орай, педагог әрбір күрделі дағдыны оны құрайтын элементтерге бөліп және әрбір жеке элементті бөлек үйретуі керек. Осылайша біртіндеп элементтерді бір-біріне біріктіруі арқылы өз мақсатына жете алады. Бірқатар жағдайларда оқушы өзінің музыкалық аспабында ойнағанда орындаушылық процеске қатысатын ағза мүшелерінің анатомиясы мен физиологиясын да үйренгені қажет әрі дұрыс болар еді. Сонымен бірге педагог өзі де бұл материалды жақсы біліп, үнемі оқушыға айтып отыруы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерден туындайтын міндеттердің бірі музыкалық материалмен жұмыс жасағанда оны оқушының саналы түрде меңгеруі керек және де оқушыны орындаушылыққа үйретуде сырттай қарапайымдылықтың және боямалылықтың болмауына жүйелі түрде мән беріп отыру шарт. Ал, оқушының техникалық шеберлігінің дамуы оның көркемдік дамуымен тығыз байланыста өтуі тиіс.

Музыкалық аспапта ойнауды үйретуде студент мамандықтан сабақ берудің әдістемелік теориясын меңгеруі керек. Сонымен бірге музыка

мектебінің репертуарын, репертуарға енгізіліп отыратын жаңартулар мен өзгерістерден де хабардар болуы тиіс. Студент орындаушылық және педагогикалық тәжірибелерді сараптау мен жалпылау, талдау, сонымен бірге музыкалық аспапта оқыту әдістемелері туралы теориялық білімді игеру дағдыларын да бойына сіңірген жөн.

Студенттің болашақ музыкант-педагог ретінде, педагогикалық тәжірибесінің қалыптасуына қажетті практикалық дағдыларын тереңдетіп, оны ары қарай өз бетінше кәсіби жұмыс жасауға жан-жақты дайындау болып табылады.

Аспапта ойнауды үйретуде барлық міндеттерді жан-жақты іске асыру нәтижелі болу үшін педагогтің мынаны **есінде ұстағаны** жөн:

– музыкалық білім берудегі ең күрделі және жауапты процесс – бұл ең алдымен алғашқы оқыту кезеңі (1-2 жылдар) болып саналады;

– Ысқышты аспаптарда ойнауды үйретудің алғашқы кезеңінде жас педагогтарда көп кездесетін қателіктер ол – қол және дене бұлшық еттеріндегі қысылу, қолдар қойылымының дұрыс болмауы, интонацияның таза еместігі, дыбыс алудың нашарлығы, көркемдік оқу материалының үйренуде бірізділіктің жоқтығы болып табылады;

– Кез келген оқушыға оның музыкалық қабілетіне қарамастан еркін, табиғи ойын қозғалыстарын үйретіп қалыптастыруға болады;

– Арнайы аспап пәнінен (мамандықтан) сабақ беру үшін, тек қана аспапта жақсы ойнау ғана жеткіліксіз;

– Сабақ өту әдістемесі педагогтің өз білімі мен оның оқушыға үйретететін педагогикалық тәсіл жиынтықтарынан тұрады. Ол белгілі орындаушылар мен зерттеуші педагогтердің тәжірибелерінен алынады және ғылыми-әдістемелік негізге құрылған. Әдістер өзгерістерге ұшырап, әрі жетіліп отырады;

– Әрбір жаңа педагогикалық тәсіл эмпирикалық жолмен туындайды.

Жоғарыда аталған мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып, аспапта ойнауды оқыту әдістемесі пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы мынадай бөлімдерге құрылған.

I. **Музыкалық қабілет және мамандықтан сабақ жүргізуде оны дамыту:**

– Музыкалық қабілеттің табиғаты мен оның алатын орны;

– Қабілет түрлері және оны анықтау мен мамандықтан сабақ жүргізгенде оны дамыту жолдары.

II. **Орындаушылық шеберлік негіздері**:

– Музыкалық орындаушылықтағы ойнаудың қозғалыс жүйесі және оны қалыптастыру кезеңдері мен жолдары;

– Дыбыс алу мен аспаптағы қол қойылымы міндеттері.

III.**Орындаудың көркемдік тәсілдері:**

– Интонация, динамика, екпіннің музыкалық ойды бейнелеу әдістері;

– Ырғақ пен метрдің көркемдік қатынасы.

IV. **Оқушымен сабақ жүргізудің педагогикалық жүйесі:**

– Оқушымен жеке жұмыс жүргізу, мамандықтан сабақ өткізу принциптері;

– Музыкалық шығармамен жұмыс жолдары, ойнау техникасын жетілдіру;

– Оқушының өзіндік жұмыстары мен үй жұмыстарын тексеру, сыныптағы тәрбие жұмысын жүргізу;
– Оқушыға репертуарлық бағдарлама таңдау; білімді бақылау мен бағалау түрлері.

V. **Оқытудың алғашқы кезеңі әдістемесі:**

– Аспапты үйренудің алғашқы кезеңінде оқыту ерекшеліктеріне көңіл бөлінеді.

Аспапта ойнауды оқыту әдістемесі пәні арнайы аспап, педагогикалық практика, БММ репертуарын үйрену, орындаушылық өнер тарихы, сонымен бірге музыкалық-теориялық пәндермен тығыз байланыста жүргізіледі. Аспапта ойнауды оқыту әдістемесі – сабақ берудің теориялық-тәжірибелік жағын қарастыра отырып, оның мақсатын, міндетін, мазмұнын, тәсілдері және түрлерін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ражников В. Резервы музыкальной педагогики. –М.,1980.
2. Н.А.Мицкевич. Халық музыкалық аспаптарында ойнауды оқыту әдістемесі. – Кемерово.:КемГУКИ, 2007.
3.Т.В.Погожева. Скрипкада ойнауды оқытудың әдістемелік сұрақтары. –М.: Музыка баспасы, 1966.
4.Б.А.Диков. Үрмелі аспаптарда ойнауды оқыту әдістемесі. –М.: Музгиз, 1962.

ОҚУШЫЛАРДЫ КОНЦЕРТТІК ОРЫНДАУШЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Нұрасылова Ардақ Бейбітжанқызы «П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі» РМҚК оқытушысы

Көрермен алдында ойнауға дайындық жұмыстары, әрине көптеген педагогтар мен оқушыларды қызықтырады. Ал, бұл жерде оқушылардың мінезінің, дарынының және өмір мән жайының әртүрлілігіне қарап, жалпы бәріне бірдей рецепт беру өте қиын, әрі мүмкін де емес.

Генрих Нейгауз

Музыкалық орындаушылық процесс, сахналық орындаушылық, көрермен алдында өнер көрсету музыкант-орындаушы үшін маңызды жұмыстың бірі. Кез келген орындаушы немесе болашақ орындаушы бұл кезеңнен өтуі тиіс. Осы музыкалық орындаушылыққа тәрбиелеуде музыкант-педагогтың алатын ролі зор.

Сахнада орындаушылыққа тәрбиелеу – музыкалық тәрбие берудің өзекті бөлігі. Сондықтан да, педагог-музыкант оқу процесінің осы бөлігін өз жұмысында тыс қалдырмауы тиіс. Белгілі педагог Л. Боренбойм өз тәжірибесіне сүйене отырып, сахналық орындаушылықта көп кездесетін кемшіліктер мен келеңсіз жәйттар тізбегін көрсеткен. а) есте сақтаудың жоғалуы; б) еріксіз жылдамдау мен баяулау (темп-ырғақтың деформацияға ұшырауы); в) музыкалық форманы жоғалту мен орындаудың бәсеңдігі; г)

техникалық шалалықтар (қате ноталар, пассаждың үстіртіндігі, ойында кететін әр түрлі жаңылыстар); Осыдан келе, ол мынадай тұжырым жасаған. Сахна оқушының осал тұстарын ашып береді. Класта үлкейтетін шыны әйнекпен (лупа) қарап көретін кемшіліктер, сахнада бірден көзге ұрады. Сондықтан да, кластағы немесе дайындықтағы кез келген ұсақ кемшіліктің өзі сахнада, сахналық стресс кезінде үлкен кемшілікке ұшыратады. Мұнда педагогтың мақсаты - күнделікті жұмыста оқушының орындаушылық мүмкіндігінің көзге көріне бермейтін осал тұстарын байқап, оны қатайту қажет. Сахнада «кез келген, әр түрлі жағдай» туындауы мүмкін, одан ешкім де алдын ала өзіне қорған қойып ала алмайды. Ал, педагогтың міндеті – оқушыны сахнада туындайтын кез келген жағдайға бейімдеу, үйрету болып табылады. Егер сахнада «қолы тайып» кетсе, басқа дыбысты алып қойса, «ұсақ шатасулар» т.б жағдайлар туындап жатса, күйзеліске түспеуге, өзін өзі жоғалтпауға, жағдайды реттеуге, шешуге тырысуға және одан шығуға, ойнауды әрі қарай сенімді жалғастыруға баулу, дағдыларды тәрбиелеу, бар мүмкіндігінше оқушы бойында қалыптастыру керек.

Музыкалық орындаушылық жұмысы сахналық орындаушылықпен астасқандықтан, көрерменнің сынымен де тікелей тығыз байланысты. Сондықтан да, сахнада ойнауда аса нақты қалыптаса қоймаған оқушының нерв жүйесіне белгілі бір күш түсуі де мүмкін. Осыны алдын ала ескере отырып, ыңғайлы, оқушыға қонымды бағдарламаны таңдаумен және онымен жұмыс істеумен қатар, оқушының «менде дарын бар ма?, менің талант деңгейім қаншалықты?, әлдебіреу менен жақсы ойнайды ма?» деген өзіндік сұрақтарының тереңдеп кетуіне жол бермей, оны жұмыс істеу, туындаған проблеманы шеше білу, іздену мен әрекетшілдікке баулыған жөн. Осы дағды ғана, орындаушылықта кездесетін қателікті жөндеуге, ойнау процессінің жетілуіне, оқушының орындаушы ретінде дамып, қалыптасуына мүмкіндік береді.

Сахналық орындаушылыққа тәрбиелеудің музыкалық педагогикада тәжірибеден өткен, қалыптасқан, өзіндік әдістері бар.

Жоғарыда атап кеткеніміздей, сахнада оқушының жеке дара ерекшелігі үлкен орын алады. Сахнада ойнау кезінде баланың көңіл күйі өзеріп, оған әртүлі ой келеді. Зейіні бөлініп, бала өз ойымен іштей күресуі де мүмкін. Көпшілік алдында сынға түсу, мені қалай бағалайды екен деген ой да оны мазалайтыны сөзсіз. Осы тұрғыда педагогтың жұмысы баланы сол рефлекстен арылту, оның бойында орындаушының негізгі дағдыларын қалыптастыру. Өйткені, сахнада ойнау бала үшін күнделікті режим мен үйреніп қалған қалыпты жағдайдан бөлек нәрсе.

Ең алдымен, бала үшін сахнада ойнау мен мен тыңдаушылар жағымды ұғым болуы тиіс. Көрермен үшін, музыка тыңдау оларды рахатқа бөлейтінін баланың түсінгенгі жөн. Осы ойды сіңіргенде ғана балада шығармашылық ұмтылыс, ізденіс немес өзіндік талпыныстар болады.

Оқушыны сахнаға дайындау сабақтың алғашқы күнінен бастап-ақ жүргізіледі. Сондықтан да, күнделікті жұмыста концерттік атмосфера тудыру немесе сабақты сахналық орындау аясында жүргізу сияқты шараларды есте

ұстау абзал, өйткені бала класта ойнауға әбден үйреніп алса, оған сахнаға шығу оған таңсық болады. Сөйтіп, үнемі класта дайындалу әдетке айналып кетеді.

Класта педагог алдында бала өзін үнемі еркін сезінуі керек. Сонымен қатар, басқа педагогтардың алдында, баланың сыныптас немесе курстас өзінің құрбыларының, кез келген бөгде адамның алдында, осыған қоса, басқа да әр түрлі аудиторияларда баланы ойната берген жөн.

Сахнада өзін – өзі ұстай білу кластағы жұмыстан басталады. Оқушының сахнада нашар ойнауының бір себебі де осында жатыр. Көптеген оқушылар сахнада кластағыдан нашар ойнайды да. Ол біріншіден, таңдалған репертуардың бала мүмкіндігіне сай келмеуі. Екіншіден, қол қойылым процестерінің дұрыс болмауы мен дұрыс қалыптаспауы болып табылады. Алғашқысында баланың мүмкіндігінен асып таңдалған шығарма, сахнада баланың ойынына кедергі жасайды, оның ішкі потенциялының көрінуіне мүмкіндік бермейді. Екіншісінде, баланың шығарма орындаудағы мүмкіндігі техникалық жағынан шектеледі. Ең алдымен сахнада техникалық қателіктер көрінеді де, ойын сапасына тікелей әсер етеді. Егер, сахнаға шыққанға дейін бұлшық еттер қозғалысында қысылу болған болса, онда сахнада ойнау кезінде ол бірнеше мәрте өседі де, оқушының бүкіл денесінде қысылу пайда болады. Қол дірілдеп, орындаушыға бағынбай кетеді. Жұмсақ, әуезді дыбыс орнына дірілдеуік дыбыс шығады. Осыдан келіп, оқушының алдына қойылған көркемдік мақсат орындалмай қалады. Бұл сол сияқты әрбір дағдыға да қатысты. Қол координациясының, интонациялаудың, дыбыс алудың, қағыстар мен штрихтардың, сол қол саусақтарының жүрдектігі, алмасу техникалыры және т.б. дұрыс үйретілсе, саналы түрде оқушы бойында бекісе, оның тактильді, есту және көру сезімдерімен біте қалыптасса, осындай жан – жақты қарастырылған үйрету жұмысында бұл дағдылар нық болып, автоматты түрге айналады.

Оқушы өзі ойнайтын шығарманы шын мәнінде терең түсініп, қамтып, бағалай алуы үшін, тыңғылықты техникалық және музыкалық жұмыстан соң, балаға өз бетінше ойнауға үйрену және өзіне өзі сенімді болу үшін, ойын кезінде тоқтатпай, түзетпей, алаңдатпай өзінің фантазиясы мен ассоцацияларына еркіндік берген дұрыс.

Кейде педагог сахнаға шығуға аз қалғанда дайындала бастайды. Бірақ оның көмегі шамалы болады. Өйткені бір, екі дайындықта бала керек дағдыларға үйреніп үлгере алмайды.

Тағы бір ескере кететін жәйттардың бірі – педагогтың емтихан, сынақ алдында балаға қатаң ескертулерді көп айтуы. Бұл бала ойында сахна, емтихан, сынақ қорқынышты, қатал нәрсе сияқты болып жазылып қалады да, оның бойында қорқақтықтың тууына әкеледі. Балада алдын ала мәтінді ұмытып қалмасам немесе қателесіп кетемін бе деген кедергі болатын ойлар туындайды. Сонымен бірге, баланың басынан өткерген бір сәтсіз орындауы да оның есінде ұзақ қалып қояды. Шығарманың қиын тұстары шықпай, оқушы қателесіп жатса, педагог сабырлылықпен қиындық себептерін түсіндіріп, оны түзетудің жолын көрсетіп, содан соң, қайта ойнауын сұрау қажет. Педагогтың мұндай әрекеті балада қателігін түсінуге, дұрыс ойнауға деген ынтасын туғызады. Егер

білетін жерден шатасу болса, қиындық тудыратын кезеңдерге бала зейінін аударып, көңіл бөлген жөн. Ал, сынау мен бала ойынына деген нашар реакция көрсету, оның сахналық орындаушылыққа деген кері көзқарасын тудыратыны сөзсіз. Әсіресе, нашар орындағаны үшін оның бағасын түсіру немесе, көп адамдардың алдында сынау, ата анасына айту сияқты әдеттер де баланың көңіл күйіне әсер етіп, оның сахнаға шығуға деген қызығушылығын жоюы мүмкін. Осылайша, бала үшін екінші рет сахнаға шығу, басынан өткен сәтсіз жағдайды қайта кешумен бірдей болады. Қайталап қателесуден қорқу, сахнадан қорқуды тудырады. Бұл дайындықтың дұрыс әдіс тәсілмен өтпегенінің көрінісі болып табылады.

Шығарманы шала дайындау да сахнада сәтсіздікке әкеледі. Шала дайындық күнделікті сабақтың дұрыс жүргізілмегендігінің белгісі. Кейде педагог бір шығарманы ұзақ дайындайды, ал уақыт өте келе, ол шығарманы бала дайындап үлгере алмағанын көреді, ал бірақ оны ауыстыруға уақыт тапшы болып қалады. Бұл жерде, мұндай жағдай оқушы шығармамен өз бетінше нәтижелі жұмыс істеу дағдысын үйренбегеннен туындап отыр.

Белгілі зерттеуші Л. Бочкаревтың тұжырымдауынша, орындаушылық өнерге деген мотивацияның болуы - музыканттың орындайтын шығармасына деген жағымды көқарасы (ұнауы) мен оның шығармашылық қызығушылығының жоғары болуы болып саналады. Ал, В. Ю. Григорьев «...Орындаушы керек болған жағдайда шығарманы кез келген тұсынан бастап кетіп, орындаушылық процеске еніп кетуі тиіс. Концерттік ерік жігерді модельдеп, барлық дайындықты соған сәйкес жүргізу керек» - деп есептейді.

Осылайша, оқушыны сахналық орындаушылыққа тәрбиелеуде, педагогтың сахнада өнер көрсетудің мотивациялық аспектілері мен дайындық тәсілдерін дәл жоспарлап, көре білуі тәрбие жұмысында жақсы нәтиже беретіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Г.М.Цыпин «Сахналық толқу» (және орындаушылық әрекет психологиясының басқа да аспектілері). –М.:Музыка, 2010

Т.В.Погожева Скрипкада үйрену әдістемесі сұрақтары. М.:- Музыка, 1966

В. Ю. Григорьев «Орындаушы және эстрада». -Классика XXI, 2006

ТВОРЧЕСКИЙ ПОИСК В МЕТОДИКЕ ОБУЧЕНИЯ ПЕВЦА И СЕКРЕТЫ МАСТЕРОВ БЕЛЬКАНТО

Рахимова Жумаганым Абельхаликовна
Заслуженная артистка РК,
Профессор кафедры «Музыкальное образование и вокал»
Западно-Казахстанский Университет имени Махамбета Утемисова

Пение, как искусство – это результат долгой, сознательной, кропотливой работы. В вокальной педагогике принцип научности очень важен, потому что до недавнего времени вокальная школа развивалась как бы поэтапно. История вокального искусства ведет свое начало с отдаленных времен. Художественное пение существовало уже до нашей эры в Египте, в Малой Азии, в Восточных

странах и особенно в Древней Греции. История музыки располагает данными, подтверждающие существование художественного пения в глубокой древности. Доктор искусствоведческих наук, профессор Багадуров В.А. говорит: «Мы не знаем ничего об обучении художественному пению в ту эпоху, т.к. обучение в те времена велись исключительно эмпирически, и вокальное искусство умирало с его носителями, не оставляя никаких следов для потомков».

По настоящему занятия по постановке голоса начинаются у вокалистов очень поздно. Обучение вокалу начинается с 16-18 лет, когда другие музыканты-инструменталисты обучаются с 7-9 лет музыке. Вокальное обучение начинается с формирования у учащегося представления о звуке, который ему предстоит воспроизвести. Педагог должен тщательно ознакомиться с характером и особенностями голоса учащегося. Это одна из главных задач учителя в постановке голоса. Общий педагогический принцип в вокале должен применяться каждому студенту отдельно, с учетом его индивидуальных данных, индивидуальных особенностей. Великая русская певица А.В.Нежданова в своих записях говорит: «Огромное значение мой педагог Умберто Мазетти придавал общему режиму жизни и ежедневным занятиям по вокалу. Также как и исполнитель-инструменталист, ежедневно тренируется на своем инструменте, то певец обязан повседневно тренировать свой голосовой аппарат, иначе он никогда не добьется гибкости и ровности голоса, вокальной техники, никогда не создаст крепкой основы для выполнения поставленных художественных задач. Именно систематический, упорный и продолжительный труд есть путь к секретам и тайнам искусства, к вершинам мастерства». Певец, не владеющий своими техническими навыками в пении, опорой дыхания беспомощен при исполнении вокальных произведений. Формирование технических навыков должно идти в единстве с эмоциональным подтекстом, художественной выразительностью, поэтому в музыкальной педагогике основополагающим является принцип единства художественной и технических сторон обучения. Желательно даже при распевках, на вокализах воспитывать у вокалиста художественное воображение. М.И.Глинка в своих трудах говорит: «Надобно петь с натуральных тонов», т.е. не отходя от природы» нужна последовательность, постепенность от простого к сложному, как вокально-технические, так и художественно-исполнительские стороны. Неоценимую помощь дают нам вокализы Абта, Зейдлера, Лютгена, Конконе, Панофки и староитальянская вокальная школа – ФранческоЛамперти, к школе которого принадлежали такие блистательные певцы, как Альбани, Арто, Морель, Зембрих, Кампанини, Крувелли, Панталеони, Эверарди, Прянишников, Фигнер и др. Ламперти, работая в Миланской консерватории, написал ряд теоретических работ в воспитании голоса певца. Среди основных принципов Ламперти есть его высказывание «Школа пения - это школа дыхания», «Кто не поет легато, тот вовсе не поет». Также к крупнейшим педагогам 19 столетия принадлежит Матильда Маркезиди Кастероне. Ее ученики – Баттистини, Джильи, Лауре-Вольпи.

На занятиях по вокалу рекомендуется петь произведения «стариков» – Глюка, Генделя, Баха, Скарлатти, Страделла, Маркези, Каччини, Монтеверди, Джордано и др. композиторов. Большое значение имеет вокальный репертуар учащегося в учебном процессе при постановке голоса. Задача педагога состоит в том, чтобы отыскать вокально-удобный и полезный репертуар на каждом курсе обучения при постановке голоса.

Профессор московской консерватории по вокалу Гуго Ионотанович Тиц на экзаменах спрашивал учащегося, хочет ли тот научиться такому прекрасному искусству как пение, ведь путь музыканта-певца тернист, нелегок и лишь большое желание петь, огромная сила воли и неустанный труд даст свои результаты.

Великая певица Мария Каллас говорит, «что певцы – это вечные студенты», наверное, эти слова и подтверждают специфику столь тонкого искусства, как пение. Потому что певец постоянно находится в поиске лучшего вокального звучания, в поиске прекрасного бельканто, певец постоянно должен беречь свой голосовой аппарат, соблюдать режим, быть физически здоровым, постоянно работать над собой, быть в вокальной форме. Сознательный подход учащегося при вокальном обучении неразрывно связано с правильным вокальным звукоизвлечением. Очень важно услышать внутренним музыкальным слухом, как должен звучать звук и уметь его правильно воспроизвести. У певца, в отличие от других музыкантов-исполнителей, его инструмент (голосовой аппарат) находится в нем самом и является частью его организма, поэтому особое внимание заслуживает вопрос физического состояния организма, вплоть до правильного питания, сна, правильного режима дня и занятий по вокалу.

Всемирно известный итальянский педагог вокала Марио Мелани говорит: «Именно педагог является истинным слушателем своего ученика, и поэтому плодотворный учебный процесс требует активного сотрудничества между учителем и учеником, который несет определенную ответственность за качество своего образования, добросовестно выполняя необходимые указания. Обучение вокальному искусству требует глубоких профессиональных знаний, основанных на определенных закономерностях, связанных с особенностями каждого голоса». Москва. Марио Мелани «Поговорим о вокале» стр.4-5.

Знакомясь с новыми музыкальными вокальными произведениями нужно отнестись более внимательно, ведь каждое музыкальное произведение является как бы письмом, оставленное для нас композиторами, и мы музыканты обязаны грамотно исполнять все нюансы произведения. Нужно исполнять произведение на языке оригинала. Важным фактором также является знание обширного вокального репертуара для усовершенствования вокально-технической и художественной сторон.

Главным образом в успехе творческого становления певца является самоотдача учащегося в процессе обучения.

«Что нужно знать вокалисту, если он хочет стать хорошим певцом»:

1. Хороший вокальный материал (голос)
2. Вокально-техническое совершенствование голоса

3. Музыкальная грамотность
4. Быть всесторонне развитым (Интеллект)
5. Музыкально-сценическое дарование
6. Хорошие внешние данные

Луканин В.М. Ленинград 1977г.
«Обучение и воспитание молодого певца» (стр.19-20)

Как реализовать эти качества у ученика, воспитать профессионального вокалиста. Педагогу необходимо дать учащемуся хорошую постановку голоса, сформировать певческий тон, выявить тембр, научить вокальной технике, развить в нем художественно-эстетический вкус и музыкальное исполнение.

Вокалисты часто подражают своим кумирам или подражают хорошим мастерам вокального искусства – это немаловажно, так как, чтобы хорошо научиться петь нужна «модель» звука или образец хорошего вокального исполнения, чтобы вокалист имел представление о правильном вокальном звучании, при этом нельзя забывать что «голое» подражание тоже плохо, подражая чужому голосу, пению, вокалист теряет свой уникальный тембр, свою индивидуальность, не задумываясь над произведением, поэтическим и музыкальным текстом.

Мы, педагоги-вокалисты должны последовательно изучать традиции старой итальянской вокальной школы, чтобы опираясь на их опыт, изучить и обогатить нашу вокальную методику, нашу вокальную школу, обновляя и развивая, вносить новое и еще глубже изучая их. Энрико Карузо сказал, что «должно существовать столько методов, сколько певцов, причем любой из этих отдельных методов, даже при самом точном применении, может оказаться непригодным для всех остальных певцов». Изд. Москва 1972г. Дж.Лаури-Вольпи «Вокальные параллели» (стр.4-5)

Список использованной литературы:

1. Марио Мелани. «Поговорим немного о вокале». Алматы, 2003.
2. Энрико Карузо. «Труды, вокализы». Москва, 1972.
3. Дж.Лаури-Вольпи. «Вокальные параллели». Москва, 1972. (стр.4-5)
4. А.Г.Менабени. «Методика обучения сольному пению». Москва, 1987.
5. Г.Зейдлер. «Искусство пения. 40 мелодий для высокого голоса в сопровождении ф-но». Музгиз, 1957, 1958, 1964.
6. Дж.Конконе. «50 упражнений для среднего и высокого голоса». Музгиз, 1956.
7. В.Лютген. «Ежедневные упражнения. 20 маленьких этюдов для сопрано».
8. Музгиг, 1936.
9. М.Маркези. «20 этюдов для сопрано». Музсектор, 1926.
10. Л.Дмитриев. «В помощь педагогу вокалисту». Москва, 1974.
11. А.А.Молдагаинов, Ж.А.Рахимова. «Уроки музыки и пения». Алматы, 2007.
12. С.А.Кузембай. «Казак опералары». Алматы, «Жибекжолы», 2010.
13. Произведения композиторов XIV-XVIII вв.
14. Ж.А.Рахимова. «Сборник казахских народных песен». Уральск, 2015-2016.
15. Ж.А.Рахимова. Клавир оперы «Айша Биби-Карахан». Уральск, 2016.

ДӘСТҮРЛІ ӘНШІНІ ДӘСТҮРЛІ ОРТАДА ОҚЫТУ ҮРДІСІ

Омарбекова Арайлым Бақытжанқызы
ҚазҰӨУ «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты» мұғалімі

Қазақ халқының ауызша дәстүрі қазіргі таңда ерекше өнер түрі ретінде жоғары бағаланады. Біздің заманымызға дейін бірнеше ғасыр бұрын бастау алған өнер түрлерінің барлығы ауызша дәстүрде, яғни ауыздан-ауызға тарау арқылы дамып отырған. «Білім ауысады, ырыс жұғады» деп дана халық бекер айтпаса керек [1, 86 б]. Сонымен қатар, бұл кезеңде суырып-салмалық өнер түрі де ерекше орын алды.

Жыршылық, айтыс, әншілік, күйшілік-ауызша дамыған өнер түрлерінің бірегейі. Бұл өнер түрлерінің дамуы әрқилы болған. Мысалға жылшылық өнер. Олардың қоғамдағы алатын орны туралы Т.Тоқжан «Сырлы сарын» атты жинағында былай дейді: «Жырау – музыкант (композитор, шебер орындаушы), ақпа ақын, ұлы ойшыл, қоғам қайраткері, алдын болжай алатын көріпкел, қолбасшы батыр. Жыраулар заманындағы хандарға белгілі дәрежеде ықпал етіп отырған ірі мемлекет қайраткері. Ұлы импровизатор, жырау – асқан күйші, сөзіне мақамды өзі шығаратын сазгер және әніне сөз шығаратын суырып-салма ақын» [2, 27 б.]

Жыраулар немесе жыршы жырын апталап, айлап орындаған. Көркем шығарма ретінде жыр қысқа (ән мен күй сияқты) болмады, ол ұзағырақ болған. Оларды көбіне «бір театрдың актеры» дейтін болған.

Баланың бойындағы қабілеті өскен ортасына жас шағынан байқалады. Мұндай балаларды көпшіліктің тіл-көзінен, бетінен қақпай, бойындағы өнерін жоғары бағалап, еркелетін өсірген. Мұндай балалар тек бойындағы өнерімен ғана ерекшеленбеген, сонымен қатар көпшілік ортада өзін-өзі ұстауымен дараланған. Себебі, жыраулар мен жыршылар ішкі және сыртқы саясатқа, мәдени және көпшіліктің білім алу өмірінде өте жоғары роль атқарған. Бұл туралы Едіге Тұрсынов мынадай пікір айтқан: «Жырау пользовались огромным авторитетом не только среди народа, но и в ханской ставке. Перед тем как принять какое-либо решение чрезвычайной государственной или политической важности ханы обращались за советом к жырау, слово окончательным и и обсуждению не подлежало» [3, 210 б.]

Сал –серілер де ауызша дәстүрді дамытушы кәсіби әншілер. Олар бір орында тұрақтап қалмаған, олардың ауылға келуі әрқашанда мерекемен, көңіл көтерумен ұласқан.

Сал-серілердің сырт келбеті тартымды, дене бітімі келіскен, күшті әрі әдемі дауысы, суырып салмалық және музыкалық қасиеті жоғары дарынды адамдар болған. М.Құрманғалиева сал-серілер туралы былай дейді: «Казахская знать не любила «салов» и «серэ», называли их кривляками, дешевыми фокусниками. Одевались они оригинально, изысканно. Их необычный наряд и раздражал степных воротил. В наше время эстрадный или оперный певец, отправляясь на гастроли, везет с собой в чемодане свои концертные костюмы. У «салов» и «серэ» не было этих возможностей, они выступали в аулах, в степи,

на ярмарках и базарах. Они всегда носили концертные наряды, и это необычная нарядность и отличала их внешне от обыкновенных, простых людей» [4, 4 б.].

Олардың белгілі бір жағдайда аяқ астынан ән шығаруы музыкалық деңгейінің жоғары екенінің дәлелі. Жас талантты әншілер белгілі музыканттардан ән айту шеберліктерін көзбе-көз үйрену үшін кездесулер іздеді. Болашақ әнші тыңдаған әнін 1 немесе 2 мәрте тыңдағаннан қағып алу үшін қабылеті жоғары болуы керек.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде жәрмеңкенің алатын орны ерекше болғанын атап өту керек. Атағы елге аян барлық өнер тарландары осы жәрмеңкеде бас қосып, араласып, шеберліктерімен алмасқан. Белгілі әншінің алдында, жиын- тойларда немесе жәрмеңкелерде ән айту сол заманның үлкен сахнасы болып есептеледі.

Шәкірттің басты мақсаты дәстүрлі игеру, репертуар жинау, толықтыру, сонымен қатар орындаушылық шеберлігін шыңдау. Ең маңыздысы- осы кезеңде мәдениеттілікке баулуы.

Уақыт өте келе заманның талабына сай ауызша дәстүрлі мәдениеттің суырып-салмалық өнері, ұстаздық пен шәкірттік оқу жүйесі қалыс қала бастайды. Заман ағымына сай барлық дәстүрлі өнер европаланған жүйеге бейімделе бастады. Барлық қазақ әндері оркестрге, эстрадаға өңделе бастады. Ән де, күй де ноталық жазбаға түсіріліп, өздерінің түп нұсқасын, ең бастысы иірімдерін жоғалтып отырды. Бұл мәселе зерттеушілердің назарынан тыс қалмады.

Осы мәселені ең алғашқылардың бірі болып көтерген Алматы консерваториясының гармония және сольфеджио кафедрасының оқытушысы, музыкатанушы Б.Аманов. Ол 1973 жылы консерваторияда халық аспаптар бөлімі студенттеріне арнап жаңа сольфеджио курсын енгізеді. Бұл эксперименталдық жұмыс болады. Бұл дәрістің мақсаты мен міндеттері бойынша алдағы уақытта «Этносольфеджио» деп аталатын болады. Бұл пәнде де сольфеджио пәніндегідей есте сақтау мен есту қабылетті дамыту, кәсіби музыкалық ой-өрісін қалыптастыру мәселелері қарастырылды. [5]

А.Мұхамбетова, С.Райымбергенова, С.Өтеғалиева және Г.Омаровалардың аспаптық музыка саласындағы зерттеу еңбектерінің арқасында жоғарыда аталған курс «Домбырашыларға арналған эксперименталды курс» деген атқа ие болады. Қайта құру кезеңінде бағдарламаға «Этносольфеджио» деген атпен енгізіледі, 1991 жылы топтастырылған бағдарлама ретінде шығарылады.

